



# ҚАЗАҚ

# УНИВЕРСИТЕТІ

№ 03 (1308), 26-наурыз, 2002 жыл



Газет 1948  
жылдың 20  
сәуірінен шыға  
бастады

## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТ ӘКЕЛСІН!



Мерекелік лебіз

### Жылқы жылы жүлделі болғай



Құрметті әріптестер!  
Қадірлі шәкірттер қауымы!  
Сіздерді шығыс халықтарының жаңару мейрамы,  
жыл басы – Наурыз мерекесімен шын жүректен  
құттықтаймын!

Бұл күнді - ата-бабаларымыз Ұлыстың ұлы күні деп дәріптеп, барша жақсылықтың, кеңшіліктің, молшылықтың бастауы есептеген. Жыл басын көктемнің шуақты да шырайлы, берекелі де мерекелі күндерінен бастайтын ата-бабамыздың көреген дәстүріне танданбасқа шараңыз жоқ. Наурыз мерекесінің осынау қасиетті күндермен сөйкес келуінде де үлкен мән бар.

Өздеріңізге мәлім, наурыз айының 22-сінен күн мен түн теңеліп, мал өріске шығып, дала жасы түске боялып, “қой қоздап, қорада шу” дегендей тіршіліктің ерекше жасанып, жаңғырар сәті басталады. Қырмызы қызғалдақтар қыр басын алаулы нұрға бөлей түрлендіріп, күміс көмей бозторғайлар таңмен таласа тамылжыта өн шырқап, табиғат анамыздың шынайы сұлулығы жарқырап көрінер кезі де осы түс. Адам мен табиғаттың арасындағы байланыстың дәлелі іспетті жер ананың құлшырып, адам баласының бойына жігер, сезіміне серпіні, жанына шуақ сыйлар кезі де осы түс. Жас пен көрінің, қыз бен жігіттің, бала мен ананың, ер мен елдің, қысқасы, әр жанның жанына жылылық, жақсылық пен қуаныштың лебін сыйлайтын сәт те осы түс.

Ертеде ата-бабамыз осынау Ұлыстың ұлы күні қазан асып, от жағып, наурыз көже дайындап, жеті шөлпек пісіріп, бір-біріне қонаққа барып, мерекеге арнап жайылған дастарханнан дәм ауыз тиіп, емін-еркін сырласып, өкпе-ренішті ұмытып, шат-шадыман күйге бөленуді рәсім қылған. Бұл күні көрсетілген ниет, ойлаған ой, айтылған тілек періштенің құлағына шалынып, қабыл болады деп есептеп, дастархан басында құран оқылып, дұға қайырылып, төу еткен. Бір-бірімен қауыша көрісіп, қол алысып, бір-бірін құттықтаған дәстүр де жақсылыққа жаны құштар бабаларымыздан қалған.

Қадірлі ұстаздар ұжымы, студенттер мен магистранттар, аспиранттар мен докторанттар! Сіздерді осынау Наурыз мерекесімен құттықтай отырып, бастарыңызға бақыт, отбастарыңызға береке-бірлік, еңбектеріңізге табыс, баршаңызға бақыт тілеймін!  
Жыл басы құтты болсын!

Өздеріңізге деген құрметпен  
Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры

## Бүгінгі сандық:



МАХАМБЕТТЕН  
ҚАЛҒАН  
НАРКЕСКЕН...

2-бет

3-  
бет



МАМА  
даярлаудың

менісі кеп



РЕАЛЬНЫЕ  
ШАГИ  
в виртуальном  
образовательном  
пространстве

4-стр.



“Жауған Өктың  
қайсысы екен менікі,  
Әрбір өкка бір-бір  
тағдыр байланған...”



## АЙТЫС БІЗДІҢ САРАЙДА

ҚазҰУ-дың Ә.А.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында наурыз айының 2-3 күндерінде “Наурыз-думан” деген атпен республикалық ақындар айтысы болып өтті. Жыл басы - наурыз мерекесіне арналған бұл аламан жыр сайысына еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған жиырма шақты айтыскер ақындар қатысып, олар екі күн бойына тапқыр да тағылымды жыр шумақтарын төгіліп, өлең сүйер жұртшылықты өз өнерлеріне тәнті етті.

Тыңдарман қауымның жандуилеріне табиғаттың аяулы шағы - жасыл майса көктемнің жұпар шаққан шуағын ұялатып, көңілдерін көкжиекпен астасырып, нұрландыра алған осынау жыр додасынан кейін талай әсершіл жанның бір сәтке қиялдары қияға самғағаны анық еді. Осыдан келіп ішкі сезімдерін ірке алмаған олардың қазіргілері аталмыш мәдени шараның ондай шуақты кезде қуатты қалыпта өткізілуіне ұйытқы болған университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұловқа, жыр сайысындағы жүйріктердің шабыс-деңгейін таразылайтын әділқазылар алқасының төрағасы проректор Назарлы Омарұлына, сондай-ақ айтысты басынан-аяғына дейін жүргізіп отырған, ұлттық өнердің кейінгі кезеңде халық арасында кең қанат жаюына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан ақын Жүрсін Ермановқа ризашылық пейіл-ниеттерін ақтарыла айтып жатты.

Әрине, “алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады” дегендей, жыр сайысына қатысқан айтыскер ақындардың арасында мықтырағы да,

сонымен бірге өзге біреулермен емес, тек сол мықтыларымен салыстырғанда ғана байқауға болатын осалдауы да кездесіп қалды.

Бәлкім, мұны кемшілік деуіміз де дұрыс болмас. Өйткені олардың да жеңіске жетсе бірге қуанып, оза алмай қалса бірге мұнаатын өз тілектестері бар. Көбінесе ол тілектестер айтыс сыйлаған әрі-сәрі алапат сезім ауанында туралықтан ауытқып, өзіне де түсініксіз өзіндік позициядан шықпай қоятыны бар. Бұйырған межеге артып кеттім деп тасымайтын, кемшін түстім деп жасымайтын немесе өзін “оңқай” едім, таразылаушылар, тыңдармандар “солақайлау” болдым деп кінәні өзге біреуден іздеуге тырыспайтын бабадан қалған мәрттік мінез, міне, осындайда керек.

Әңгіме өзегі болған негізгі тақырыбымызға қайта оралсақ, біздің элементтері бұл айтыстан да табылып қалып жатты. Қалай десек те, әрбір айтыскердің “қарғасын аппағым дейтін” шынайы болмысты жеке тыңдарманының көңілі толықтай

көншүі шешімі қиын шаруа екені рас. Әсіресе, көрермендер Мэлс, Мұхамеджан, Бекарыс секілді орақ тілді сүйікті ақындарын сахна төрінен көруге соншалықты күштарланғанымен, үміттері ақталмады. Сонымен екі күнге созылған жыр додасының қорытындысында әділқазылар алқасының шешімімен қарағандылық белгілі айтыскер Аманжол Әлтаев пен Семей өңірінен келген мектеп оқушысы Рүстем Ақылбеков жеңімпаз деп танылып, екеуіне де айтыс демеушілері тағайындаған жеңіл машинаның кілті табыс етілді. Бұлардан өзге ұтымды уәж, оралымды ой-пікірге толы жыр шумақтарымен айтыс сахнасында бұрыннан көзге түсіп жүрген қос жүйрік - алматылық Оразәлі Досбосынов пен қызылордалық Әбілхайыр Сыздықовтарға да өнерлеріне тәнті болған жанкүйер-демеушілері қолдау көрсетіп, бір-бірден темір тұлпар мінгізді. Ал, қостанайлық арқалы ақын Әсия Беркенова мен ҚазҰУ-дың аға оқытушысы Бекжан Әшірбаевақа университет ректоры Т.Ә. Қожамқұлов оқу орны атынан қаржылай сыйақы табыстады. Бұл айтыстағы қомақты жүлделердің бұрынғыға қарағанда молырақ болып келуі халықтың арасындағы киелі өнерге деген құрметінің, құлшынысының арта түскенін көрсетсе керек. Осы ретте халқымыздың төл рухани қазынасына сонау тоқырау жылдарынан кейінгі қайта жандана бастаған кезінен бері қамқор болып, айтыс өнерінің өрістеуіне, жанаша өрісте дамуына үлкен үлес қосып келе жатқан тұрақты демеушілері - “Атамұра” корпорациясы



● Біздің анықтама:  
Айтыс жеңімпазы, Семейдің Аяғез өңірінен келген мектеп оқушысы Рүстем Ақылбековке университетіміздің ректоры Төлеген Қожамқұлов ҚазҰУ-дың өзіне тиесілі білім грантының біреуін табыс етті.

басшылығының және Амангелді Ермегияев, Нұртай Сабилянов секілді ұлтжанды азаматтардың есімдерін ілтипатпен атай кеткен ләзім. Бүгінде тапқан ақшасын өзге түгілі өзіне жұмсауға қимай немесе қайда, неге жұмсарын білмей дал болып, итрасуә тірліктің иіріміне шым-шымдап батып бара жатқан қандастарымыз да баршылық. Міне, осындай жандарға жоғарыда аты аталып, халықтың алғысын арқалаған азаматтардың ізгі мақсат жолындағы игілікті іс-әрекеттері үлгі-өнеге болары анық.  
Сәндібек ЖҮБАНИЯЗОВ



Ф.Мүсірепов -100 жыл

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

2002 жылдың 26-ақпанында өткен Ғылыми кеңес мәжілісінде проректор Ж.Дәдебаев университеттің оқыту процесіндегі бірінші жарты жылдық пен қысқы сессия қорытындылары жөнінде баяндама жасады.

Химия факультетінің деканы, профессор Ж.Әбіловтің өзі басқарып отырған факультеттегі магистрлерді даярлау мәселелері жөніндегі және қаржы-экономикалық бөлімінің бастығы С.Елемесова мен комиссия төрайымы Б.Ермекебаеваның қаржы-қаражат саласына байланысты хабарламалары тыңдалды. Сондай-ақ, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңа Жарғысының қабылдануына байланысты нормативтік құжаттарды бекіту жөнінде оқу орнының Бірінші проректоры, комиссия төрағасы З.А.Мансуров және Ғылыми кеңестің 27.02.2001 жылғы "Ақпараттық кеңістіктің ұлғаюына байланысты журналист мамандары даярлаудың тұжырымдамасы туралы" Қаулысының орындалу барысы жөнінде журналистика факультетінің деканы Б.Жақып баяндама жасады.

РЕКТОРАТ

Наурыздың 13 жұлдызында өткен Ректорат мәжілісінде кадрлар бөлімінің бастығы М.Нұрғалин мен заң қызметінің бастығы Г.Нұманованың "Еңбек туралы" Заңды жүзеге асыру бойынша жүргізілген кадрлар бөлімінің жұмысы жөнінде хабарламалары тыңдалды. Бұдан кейін жұмыспен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы О.Пономаренко өз саласы бойынша атқарылып жатқан іс-шаралармен таныстырып өтті. ҚазҰУ жанындағы колледждің жұмысы жөнінде аталмыш оқу орнының директоры С.Баймұхамбетова мен құрылтайшылар Кеңесінің төрағасы Е.Жатқанбаев баяндама жасады. Сондай-ақ, доцент Қ.Баймырзаев география факультетінің қызметкері Г.Беляковқа "әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрметті ардагері" атағын беру жөнінде ұсыныс айтты.

# СӨЗ ЗЕРГЕРІ

27-28 ақпанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мәжіліс залында "Ғабит Мүсіреповтің көркемдік әлемі" атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция болып өтті.

Аталмыш шара қазақ әдебиетінің классигі, академик жазушының 100 жылдығына арналды. Конференцияда көрнекті жазушының көзін көрген, өнегелі ғибраттарын естіп тәлім алған, үлгі тұтқан шәкірттері, қаламгерлер қауымы, ғалымдар баяндамалар жасап, онда сырбаз тұлғаның сындарлы қасиеттері, адами асқақ болмысы, көркем шығармалары арқылы әдебиеттану саласына қосқан қомақты үлесі жан-жақты сөз болды.

Шындығында да жазушының "Қазақ солдаты", "Ұлпан", "Оянған өлке", "Жат қолында" секілді прозалық көлемді кесек туындылары, "Қозы Көрпеш-Баян Сұлу", "Ақан Сері-Ақтоқты", "Қыз Жібек", т.б., драматургиялық шығармалары, "Авгийдің атқорасынан бастайық", "Әдебиет - кәсіп емес, өнер", "Әдеби тіліміз - кең арналы тіл", т.б. қазақ әдебиетіндегі өзекті мәселелерді қозғаған мақалалары әлі күнге дейін маңызды жоймаған еңбектер екендігі даусыз. Даңқты сөз зергерінің көзі тірісінде сол кездегі баспасөз бетінде

замандас жазушыларының, қалам ұстаған ұлт өкілдерінің оның шығармашылығы жөніндегі ыстық ықыласқа толы жүрекжарды пікірлері көптеп айтылғанын белгілі. Онда олар - "Қозы Көрпешті" қазақ әдебиеті өзінің үлкен мақтаны ете алады" (М.Әуезов), "Ғабит - қазақ драматургиясының ең күшті өкілдерінің бірі" (С.Мұқанов), "Ғабит үйрете білген, өнеге көрсете білген жазушы" (Ғ.Мұстафин), "Мүсіреповті мақтаудың керекі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек" (З.Қабдолов) деген тәрізді жылы лебіздер арнап, оң бағаларын берген еді. Үстіміздегі жылы Ғабеннің 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның шешімімен халықаралық көлемде аталып өтпек. Қазірдің өзінде бұл тойға дайындық шаралары басталып та кетті. Сөз құдіретін бағалай білетін туған елі барда Ұлы тұлғаның артында қалдырған мол мұрасы еш уақытта өлмек емес.

(Өз тілшімізден)

Біздің лауреаттар

## ІЗДЕНУШІ ЖАСТАР ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Ресейдің астанасы Мәскеуде 2002 жылдың қаңтар айында әр жыл сайынғы дәстүрге айналған "Экология және космос" арнаулы степендиясын тапсыру жөніндегі комиссияның кезекті отырысы болып өтті.



Бұл жолғы арнаулы степендияға ие болған 12 степендияттын алтауы Қазақстаннан қатысқан үміткерлер болып шығуы еліміздің мерейін тағы бір көтеріп тастады. Ал, алты жүлдегердің екеуі ҚазҰУ-дың ізденімпаз жастары екендігін естіп университет ұжымы да қуанып қалған еді.

Комиссия шешімімен арнайы степендияға - ҚазҰУ-дағы физикалық-химиялық өдістемелерді сараптау орталығының кіші ғылыми қызметкері Хайдар Тасыбеков және осы оқу орнының химия факультетінің магистранты Светлана Рязанцева, Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының 5 курс студенті Виктор Медведов, аталмыш

академияның кіші ғылыми қызметкері Жанат Бакеев, "Қазгидромет" өндіріс орталығының бақылаушы инженері Жұлдыз Исабекова, Ә.Бектұров атындағы химия институтының ғылыми қызметкері Салтанат Жұмабековалардың еңбектері лайық деп танылды.

"Экология және космос" степендиясын тапсыру рәсімі 2002 жылғы 28 ақпанда ҚазҰУ-дың ректорат ғимаратының 15-қабатындағы мәжіліс залында өтті. Салтанатты рәсімді университеттің Бірінші проректоры З.А.Мансуров бөташар сөз сөйлеп ашып, жүргізіп отырды.

Жеңімпаздар диплом, арнайы омырау белгісін және 1000 АҚШ доллары

көлемінде ақшалай сыйлыққа ие болды. Бұл мәдени шараға Ресей авиакосмостық агенттігі бас директорының орынбасары А.Н.Кузнецов, ҚР энергетика және минералды ресурстар министрі, ҚазҰУ-дың құрметті профессоры В.С.Школьник және осы министрліктің Аэрокосмостық комитетінің төрағасы А.О.Қосынов, ҚазҰУ-дың Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры А.И.Купчишин қатысты. Марапаттау рәсімінің соңында проректор З.А.Мансуров жүлдегерлерді құттықтап сөз сөйлеп, бәрі естелікке суретке түсті.

(Өз тілшімізден)

Мерейтой

## БЕРЕРІ МОЛ БЕДЕЛДІ БІЛІМ ҰЯСЫ

Ерте дүние және орта ғасырлар тарихы кафедрасына 10 жыл

Қазақтың қара шаңырағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі тарих факультетінің "Ерте дүние және орта ғасырлар тарихы" кафедрасы 1991 жылы 29 қарашада құрылған еді.



Бұл кафедраның құрылу тарихы еліміздің егемендігімен күрделі. "Әлемдік тарих" саласы бойынша маманданатын кафедраның біздің еліміздің жетекші оқу орнында ашылуы егемендіктің бір жемісі деп қарастыруға да болады. Кеңес дәуірінде "жалпы тарих" саласының мамандарын негізінен Москвада, Ленинградта, Киевте дайындағаны бәрімізге белгілі. Қазір Қазақстанда да, тәуелсіз мемлекет ретінде және әлемдік ынтымақтастықтың тең құқылы мүшесі ретінде, өзінің ғылыми кеңістігін жасап, мамандарын дайындайтын орталық қалыптастырып отыр. Кафедраны бітіруші түлектердің магистратурада, аспирантурада, докторантурада білімін жалғастырып, қазіргі заман талабына сай білімді азамат болып шығуына мүмкіндігі зор. Қазақстанның әр түрлі аймақтарынан келген ізденушілер орталыққа келіп, өз елдермен ынтымақтастық тәжірибе алмасу жолға қойылған. Кафедра университет қабырғасында тарихшыларды дайындауда аса маңызды орын алатын пәндерді оқытады. Атап

айтқанда, олар - шығыс елдерінің ерте дүние тарихы, Антика тарихы, Еуропаның орта ғасырлар тарихы, Антика мен орта ғасырлар кезеңіндегі саяси ілімдер тарихы, орта ғасырлық Шығыс тарихы, ғұндардың Еуразия тарихындағы орны, т.б.

Қазіргі уақытта кафедрада 12 оқытушы дәріс беруде. Оның ішінде бір ғылым докторы, профессор, төрт доцент, бес ғылым кандидаты жұмыс істейді. "Ерте дүние және орта ғасырлар тарихы" кафедрасы тек университеттің ғана емес, сондай-ақ Қазақстан тарихнамасының дамуына қомақты үлес қосып келеді. Кафедраның негізін қалаған, оның қалыптасып, аяғынан тік тұрып кетуіне үлкен еңбек сіңірген және бүгінгі күнге дейін осы кафедраны меңгеріп келе жатқан тарих ғылымдарының докторы, профессор, тарих факультетінің деканы, ҚР Әлеуметтік ғылымдар Академиясының академигі, Германиядағы Геттинген университетінің құрметті профессоры Қ.Т.Жұмағұлов. Қазіргі таңда ғалым ерте дүние және орта ғасырлардағы Батыс пен Шығыстың өзара ықпалдасығының сан қилы жолдарын, еуразиялық тарихи тамырларын және оның әлемдік тарихтағы орнын,

ғаламданды әлемдік тарихи процестегі Орталық Азияның, түркі әлемінің және Қазақстанның орнын көрсетумен айналысып жүр. Осы орайда ғалымның бастамасымен 1997 жылы ҚазҰУ-дың "Ерте дүние және орта ғасырлар тарихы" кафедрасы мен Геттинген университетінің Түркітану және Орталық Азия институты арасында болатын ғылыми байланыстың бағдарламасы жасалды.

Профессор Қ.Т.Жұмағұлов орта ғасырлық Еуропа тарихы мен өркениеттерінің мәселелері жөнінде қазақ, орыс, неміс тілдерінде шыққан іргелі үш монографияның, бірқатар ғылыми және оқу-әдістемелік басылымдардың авторы, ғылыми жетістіктері халықаралық гранттармен аталып өткен ғалым. Еліміз егемендік алған кезеңінен бастап Германия тарихын зерттеушілердің Қазақстандағы бас маманы ретінде екі ел арасындағы ғылыми, мәдени байланыстардың кеңейіп, тереңдеуіне көп көңіл бөліп келеді. 1997-1999 жылдары Германия Федеративтік Республикасының шақыруымен бүкіл Еуропаға аты әйгілі Геттинген университетінде неміс тілінде "Әлемдік тарихтағы Батыс пен Шығыс" мәселесі бойынша дәріс оқып, сол университеттің профессоры атанды. Қазіргі кезде "Ерте дүние және орта ғасырлар тарихы" кафедрасы Республиканың білім, ғылым саласының дамуына зор үлес қосатын, берері мол, беделді білім ұясы екендігіне сенім мол.

Р.С. МЫРЗАБЕКОВА, т.ғ.к., аға оқытушы, Е.Т. ҚАРТАБАЕВА, аға оқытушы.

Жүздесу



МАХАМБЕТТЕН

## ҚАЛҒАН НАРКЕСКЕН...

Наурыз айының 12-сі күні тарих факультетінің жанындағы "Атамұра" ұлттық деректерді тану үйірмесінің кезекті отырысы болып өтті. Үйірменің бұл жолғы бас қосуында белгілі қоғам қайраткері, журналист-сазгер Хасен Қожахметтің "Ереуіл атқа ер салмай" атты кітабында қамтылған тарихи деректер талқыланды. Үйірменің жетекшісі тарих ғылымының докторы, профессор Қамбар Атабаев өз сөзінде Хасен Қожахметтің өмір жолына, сонау тоталитарлық режим тұсында отаршылдық саясатқа қарсы шыққан күрескерлік іс-әрекеттерін қысқаша тоқталып өтті.

Бұл бас қосуға аталмыш кітаптың авторының өзі де қатысып, жиналған қауым тарапынан қойылған түрлі сұрақтарға жауап беріп отырды. Әсіресе, кешке қатынасып отырған жас тарихшылар қазіргі біз өмір сүріп жатқан қоғамның шынайы бет-бейнесі жөнінде, "Азат" және "Желтоқсан" қозғалыстарына байланысты сұрақтар қойып, өз ойларын ортаға салып, бұл басқосуға ерекше қызығушылық танытты. Кеш барысында сөз алған шешендер 1986 жылғы желтоқсан көтерілісін XVIII ғасырдан берідегі 260 жылға созылған ұлт-азаттық бас көтерулердің заңды жалғасы деп бағалап, тарихымызда айрықша орны бар осынау оқиғаның басты қаһармандарының бірі Хасен Қожахметтің "Ереуіл атқа ер салмай" атты кітабында келтірілген деректеме-құжаттардың бүгінгі таңдағы құндылығына, маңыздылығына көбірек назар аударды. Кездесу соңында кеш иесі жиналған қауымға жылы лебізін арнап, ризашылығын білдіріп, алдағы уақыттарда да халық сенімін ақтау жолында аянбай еңбек ете беретінін айтты.

(Өз тілшімізден)

Байқау

## Қызыққа бөлеген "Қыз сыны"

Халықаралық өйелдер күні мерекесі қарсаңында 6-наурыз күні тарих факультетінде «Қыз сыны» байқауы өтті. Тәуелсіздігімізбен қайта жаңғырған өдет-ғұрып, салт-дәстүріміздің кең өріс алуы бүгінгі күннің талабына айналып отыр. Осы шараны өткізуде ұлттық дәстүрлер, рухани құндылықтар, төл тарихты жете білуі секілді талаптар аруларымызға да үлкен сын болды. Сайысқа 1-2 курс студенттері Сериева Жанар, Егізбаева Зарина, Тоқлақбаева Әсел, Абдырашимова Яна, Нұрғали Мұерерт, Рустемова Эльмира, Саметова Алинур сынды 7 ару қатысып, бақтарын сынады. Факультет деканы, профессор Қ.Т.Жұмағұлов аруларға ақ тілегін білдіріп, өйелдер қауымын мерекелерімен құттықтады.

Сайысқа қатысқан бірінен-бірі өткен сұлу, аққу мойын, алма бет арулар ай көркімен көрермен қауымды тамсандырып, көркіне сай ақылмен, тапқырлығымен, өдемі жсауап беруімен тағы бір сүйсіндірді.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, өділқазылар алқасы үшін сайыс жеңімпазын анықтау оңайға түскен жоқ. Жеңімпаз болып Сериева Жанар танылды. Кейінгі жүлделі орындарды Егізбаева Зарина, Рустемова Эльмира иеленді. Барлық 7 ару арнайы номинациялармен марапатталды. Факультет атынан Сериева Жанар, Егізбаева Зарина қалалық фестивальға қатысатын болды.

Құбаш МЕНДІҒАЛИЕВ, ҚазҰУ-дың тарих факультетінің 3 курс студенті



Конгресс

**Төртінші билік құралдарының өзекті мәселелері бүгінгі таңда жеткілікті болып отыр. Осыған байланысты үстіміздегі жылдың наурыз айының 12-сінде журналистиканың маңдайлады мамандарының басын қосқан Қазақстан журналистерінің Бірінші конгресі өткені мәлім. Конгреске журналистиканың белгілі теоретигі, университетіміздің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры, филология ғылымының докторы, профессор Назмалы Омашұлы да қатысып, беделді мінберден жасаған өз баяндамасында қалам қайраткерлерінің көкейінде жүрген өткір де өзекті мәселелерді арқау еткен еді. Біз төменде осы баяндама мәтінін жариялап отырмыз.**

# МАМАН

# даярлаудың мәнісі көп



Қазір әлемдік ақпарат құралдарына қатысты «ақпараттың еркін ағымы» (свободный поток информации) деген теория дәуірлеп тұр. Ол қағиданың мәні мынаған саяды: «адам баласы – жарық дүниенің иесі. Ол әлемдік жаңалық атаулыдан хабардар болуы керек. Сондықтан ақпаратқа шекара қойылмауы тиіс» – дейді. Солайы солай ғой. Бірақ, сол ақпаратты таратуда барлық елдің мүмкіндігі бірдей ме? Мысалға АҚШ пен Ауғанстанның, Ресей мен Шешенстанның жағдайын салыстыруға келмейді...

Осыдан кейін, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңға түзетулер мен толықтыруларды енгізудің қажеттілігі маңызды екені өзінен-өзі түсінікті шығар. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев жақында журналистермен кездескенде: «Егер заң жұрттың бөріне бірдей екені рас болса, оны жұрттың бөрі бірдей орындауы керек» – деп қадап айтса да, аталған заңның жүзеге асуы көп қиындықтарға ұшырап жатқанын көріп те, оқып та, естіп те жүрміз. Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құлмұхаммед мырзаға жігерлі де іскер басшы ретінде ел үлкен сенім артады. Бірақ, оған да қолдау керек. Әсіресе, зиялы қауымның бейтарап қалуы елдімізге сын. Өйткені, ол біздің ұлт үшін, ұлыс үшін керек.

Әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетінде журналистік білім берудің жаңа тұжырымдамасының (концепциясының) қабылдануы осындай қажеттіліктен туындады. Концепция дүниежүзілік интеграцияның озық тәжірибелеріне сүйеніп және ұлттық мәдениетке орай жасалынады. Сөз таратыпқырап айтатын болсақ: дамыған елдердің журналистік кадрларын даярлаудағы тәжірибелері қарастырылды, талданды. Оның бізге жарайтын озық үлгілері алынады. Білім берудің қазіргі дүниежүзілік стандарты көзқаракты тірі пенденің бөріні адамзаттық асыл қасиеттерді тануға, олардың жандуниесін рухани жағынан жақындастыруға көмектеседі. Сол стандарттың екінші жартысын құрайтын білім берудің ұлттық моделі – ұлттың өзін-өзі жоғалтып алмауына, өзгенің қосағында кетпеуіне негізделген.

Жершары халықтарының мәдени дамуының бас үйлестірушісі ЮНЕСКО да бізге әлемдік ақпараттық кеңістікке және білім беру ортасына ену, жалпыадамзаттық құндылықтар мен идеяларды, жоғары мәдениетті сақтау, әрі ұлттық ерекшеліктерді ескеру туралы ұсыныстар береді. Осы жерде тағы бір аса маңызды мәселеге соқпай кетуге болмайды. Бұрын студенттерді маман ретінде даярлауға басымдық беріліп келген еді. Университетімізге ректор болып жаңа басшы Төлеген Әбілсағиұлы Қожамқұлов келгені Елін, Жерін, Отанын сүйетін білімді жасты, елжанды азаматты тәрбиелеуді басты мақсат етіп алдық.

Біздің өзгеге ұқсамайтын өз ерекшелігіміз көп. Сондықтан ұлтымыздың қастерлі ұғымдарына көбірек үлгіміз керек. Кезінде Әлихан мен Ахметтің, Мұстафа мен Міржақыптың білімі кімнен кем еді?! Білім іздеп жүріп ұлтына қарайластады деп те өкпелей алмайсың оларға. Керісінше, біздерге солардың парасаты мен патриоттығы жетіспейтінін несіне жасырамыз.

Журналист кадрларын даярлаудың жаңа концепциясы негізінде білім берудің мемлекеттік стандарты мен оқу жоспары қайта қаралды. Онда көсіпке байланысты пәндер жаңартылып, шөкірттердің шығармашылықпен көбірек айналысуына жағдай жасалынады. Алғаш рет студенттің қалауы бойынша лектор таңдауға белгілі мөлшерде мүмкіндік туды. Журналистік этика, БАҚ-тың менеджменті мен маркетингі, БАҚ және заңдылық, ғылыми-танымдық журналистика, журналистиканың қаржылық көздері – жарнама мен паблік рилейшнз («бұқарамен байланыс») сияқты пәндері енгізіледі.

Журналист кадрларын даярлаудың зәру мәселелері мұнымен де бітпесі анық. Айталық, қазір телерадио репортерларын сол саланың ерекшелігіне орай маман ретінде жол даярлау керектігін өмір көрсетіп отыр. Өткен жылы белгісіз себептермен халықаралық журналистика мамандығы білім министрінің классификаторынан түсіп қалды. Халықаралық жағдайды жазбайтын тәуелсіз ел болмайды. Сол сияқты жергілікті жердегі журналистердің барлығы бірдей өндірістен қол үзіп оқып, білімдерін жетілдіру мүмкін емес. Әрберден соң журналистік білімді өндірістен қол үзбей сырттай оқып алған тиімді бола тұра, оған бірде-бір гранттың бөлінбеуі түсініксіз. Ал күндізгі бөлімге берілетін 15 грант үшін 14-15 жерде қабылдау емтиханы жүреді дегенге кім сенеді? Осыдан кейін шығармашылық байқаудың сапасы туралы айту артық емес пе. Бұл саланың қыр-сырын жетік білетін жаңа

министр Шәмша Көпбайқызы Беркімбаеваның келуіне байланысты аталған мәселелер бұдан әрі қордаланбай уақытында шешілер деген үміт жоқ емес.

Мен кеше ғана осы мәселелер бойынша Шәмша Көпбайқызында болдым. Ол кісі осында көтерілген мәселелердің барлығын дерлік түсіністікпен қабылдады.

Ал енді телерадиохабарлардың тең жартысын мемлекеттік тілге көшіруге байланысты қазақ тілді журналистер жетіспейді деген бекер сөз. Менің алдымда сөйлеген шешен Н.С.Харченко мырза журналист мамандарын сегіз жерде даярлайды деп кетті. Шын мәнісінде олай емес. Министрліктің дерегі он сегіз мемлекеттік және сегіз мемлекеттік емес жоғарғы оқу орындары журналист мамандарын дайындайды. Сол бітірушілердің тең жартысынан астамы мемлекеттік тілдегі мамандар. Бұл азық етпейді. Ал олардың бөрі бірдей сапалы білім береді дей алмаймын. Әрі талантты жастарды іріктеп алуға да мүмкіндіктері аз. Сондықтан шығармашылық байқау арқылы дарынды талапкерлерді іріктеу екі-үш жерде ғана өткізілсе, маман даярлаудың сапасы көтерілері анық.

Кейінгі кезде журналистиканы өзі білгеніне қарай пайдаланғысы келетін жағымсыз тенденция етек алып бара жатқанын айтпаса болмас. Ондай дертті аластаудың жолы – журналистиканың қоғам, ел алдындағы негізгі міндетін анықтай түсіп, халық мінберіне айналады. Егер ол тек биліктің қолшоқпары болып қалса, немесе ат төбеліндей ақшаның сойылын соғып кетсе, ақ жолдан адасатыны анық, Ақпарат монополияланған жерде пікір алуандығы бұзылады. Ақиқат айтылмайды.

Кейінгі кезде журналистиканы өзі білгеніне қарай пайдаланғысы келетін жағымсыз тенденция етек алып бара жатқанын айтпаса болмас. Ондай дертті аластаудың жолы – журналистиканың қоғам, ел алдындағы негізгі міндетін анықтай түсіп, халық мінберіне айналады. Егер ол тек биліктің қолшоқпары болып қалса, немесе ат төбеліндей ақшаның сойылын соғып кетсе, ақ жолдан адасатыны анық. Ақпарат монополияланған жерде пікір алуандығы бұзылады. Ақиқат айтылмайды. Ал біз шын мәнінде зиялы қоғам орнатамыз десек, Байтұрсынов айтқандай: «халықтың көзі мен құлағы нәм тілі» болатын кадрларды даярлауымыз керек. Журналист үшін одан асқан мәртебе жоқ.

*Кейінгі кезде журналистиканы өзі білгеніне қарай пайдаланғысы келетін жағымсыз тенденция етек алып бара жатқанын айтпаса болмас. Ондай дертті аластаудың жолы – журналистиканың қоғам, ел алдындағы негізгі міндетін анықтай түсіп, халық мінберіне айналады. Егер ол тек биліктің қолшоқпары болып қалса, немесе ат төбеліндей ақшаның сойылын соғып кетсе, ақ жолдан адасатыны анық, Ақпарат монополияланған жерде пікір алуандығы бұзылады. Ақиқат айтылмайды.*

Ондай абыройлы істі келте ойлайтын кісі емес, кемел толғайтын жан атқара алса керек. Бұл мамандыққа университеттік білімнің қажеттілігі де сондықтан.

Құрметті әріптестер! Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының жақында еліміздің бір топ белді ақпарат құралдарының өкілдерімен болған өңгімесінде айтқан ойы осы жиынды өткізуге түрткі болған секілді.

Онда: «...Біз еркін бұқаралық ақпарат құралдарының иелері журналист ұжымдарының өздері болатындай жағдайға келуіміз керек. Ол адамдар жол-сыздықты сынға алатын, алайда патриот, өз Отанын сүйетін және қоғамның тыныш, қалыпты өмір сүруін қалайтын адамдар болғаны жақсы... Журналистік ұжымдардың жемісті өрі емін-еркін жұмыс істеуі үшін қазіргіден де көбірек жағдай жасау жөн. Сонда Қазақстанда ашық қоғам да болады, еркін баспасөз де болады» деген еді ғой. Бұдан артық бізге не керек?!

Қайта құрылып жатқан Қазақстан журналистер Одағы мен Қазақстан телерадиотаратушылар ассоциациясы осы пікірді бағдарлама етіп алса да ұтылмас еді. Президентіміздің бүгінгі конгрестегі өткір сөзі еріккеннен айтылмаса керек. Тәуелсіз елдің ертені үшін ол кісінің жаны бізден кем ашымайтыны да белгілі. Сондықтан Нұрсұлтан Әбішұлының ұлттық журналистикаға қаратып айтқан жанашырлық сөзі әрбір елжанды, саналы азаматтың есінен шықпауы тиіс деп ойлаймын.

## Әділетті ашыну



Қырықбай АЛДАБЕРГЕНОВ, тарих ғылымының докторы, доцент

Салт-сана, әдет-ғұрпымыздың кіндігі болып саналатын ауылды таратып жіберуге шақ қалдық. Шалғай елде тұратын кәрі-кұртандар мен бала-шағалар радио естіп, телевизор көруден қалған. Егер сәті түсіп алда-жалда естіп, көріп қалса, құдай сақтасын, төбе шаштарының тік тұратындары анық. Атыс-шабыс, қырып-жою, қала берді, қып-қызыл анайы көріністер.

Бұл - облыстарды былай қойғанда, аудан орталықтарына дейін ашылып, Бұқаралық ақпарат құралдары үшін «сапалы мамандар» дайындап жатқан жалған институттар мен университеттердің «үлесі» деп білеміз. Олай айтпаса амал жоқ. Екіншіден, соңғы жылдары, әсіресе, радио мен телевизияны ауыл мектептерінде әдебиет пен тарихты зоотехника, агроном, инженер беріп жүргендей басқа мамандықтардың өкілдері жаулап алғандықтары да жасырын емес. Бір сөзбен айтқанда, «Аузы қысық болса

# ЖАЛҒАН НАМЫС ЖАРҒА ЖЫҒАР

Халқымызда “Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады” деген даналық сөз бар. Осыны біздер қазір ұмытып кеткен сияқтымыз. Бәріміз де арзан күлкіге қарық болып, рухани байлығымыздан қалай айырылып жатқанымызды елемей отырған түріміз бар.

да байдың баласы сөйлесіннің» кері.

Он жылдан бері тәуелсіздік алдық деп бәркімізді аспанға атып жүріп, төртінші биліктен қалай қол үзіп қалғанымызды аңдамай жүргендейміз. Радиодан еті сылынып, құр қаңқасы қалған «Қазақ радиосы» бар. Жуырда оған «Шалқар» бағдарламасы келіп қосылды. Бірақ бұрынғы дәрежесіне әлі жеткен жоқ. Оның үстіне әзірге Алматы қаласына ғана хабар таратады. Қайталаулар көп. Қалғандарының барлығы орыс тілді. Телевизиядан қысқара-қысқара қауқарсыз қалған «Қазақстан-1» бар. Енді-енді бастарын көтеріп жан-жақтарына қарай бастағандай. Бірақ әлі де болса жақсылықтың ауылы алыс сияқты. Ал, Республиканың барлық аймағына тарамайтындықтан «Хабар-2» - ні мандытып көріп жатқан ешкім де жоқ. Енді «Еларна» болып жаңарғаннан кейін сапалық тұрғыдан өзгермесе. Онда істейтіндер бүгінгі заманның бар мәселесін шешіп тастағандай өз хабарларын «Қырық өтіріктен» бастады. Негізгі айтылар тақырып сыртта қалды. Газеттер де солай. «Егеменді» тек еңбек етіп жүрген екіпінділер ғана оқиды. Себебі, жазылу бағасы тым қымбат. «Ана тілі» жүрісінен

жаңылып, екі тілді материалдар жариялап, тілден гөрі, мұнай мәселесін тереңірек зерттеп кеткенге ұқсайды. «Жас алаш» та алтын уақыттарын етектері жасқа толып, жұмыс іздеп ауыл мен қаланың екі арасын кезіп кеткен жастарының басын қоса алмай, үлкен орында отырған көкелерімен айқасуға сарп етіп жүргенге ұқсайды. «Қазақ әдебиеті» болса өнер проблемасына көбірек ойысып барады. Оқырмандарының көңілін табу үшін анда-санда жазушы, ғалым, т.б. айтыстырып алатын қасиеті бар.

Кейбір шала сауаттылар біртүрлі «Қызық», біртүрлі «Махаббат», т.т. сияқты бульварлық (сары) газеттер шығарып, жастарымызға мектептерде, жоғары оқу орындарында жүргізілмейтін нәпсі дәрісін екпінді түрде өткізіп жатыр.

Өз ұлтымыздың өкілдері басқарып отырған «КТК», «А-1», «ТАН», «31-арна», «Шахар», «ЮСА» деп аталатын радиотелеарналардың да қазақшасы жартымсыз. Соңғы кездері ол арналар қазақша хабарларды түнгі уақытқа қоятын болып жүр. Түнгі бірден таңғы алтыға дейін. Яғни, ең көрілімді уақытта қазақша бағдарламалар беруге сараңдық танытып келеді.

Ал енді осыдан қандай қорытынды шығаруға болады? Түптеп келгенде жалған намыстан не шығады? Өз жерімізде өзіміз неге басқаларға тәуелдіміз? Ақпарат билігін қолдан шығарып алып, кімнен араша сұраймыз? Осыдан бір-екі жыл бұрын Бұқаралық ақпарат құралдарының 50 пайызы қазақша болсын деп аттан салдық. Онымыздан не шықты? Намыс, ар-ұят, абыройдан жұлдай болғанымыз ба? Мұны кешегі репрессия тұсында өмірлерін болашақ ұрпақтары үшін қиған асылдарымыз бірсе не дер еді деген сияқты ойлар мазалайды.

«Егемен Қазақстанның» өткен жылғы соңғы нөмірлерінің бірінде «Салам» деп мақала жариялаған автор «Қазақпын деп айтуға ұялам», - дейді. Неге? Осы біздер кіміз? Екі жарым гасыр бодандықтан соң санамыз әбден уланып біткен «екінші сорттыларымыз ба?», әлде Шыңғыс Айтматовтың әйгілі шығармасындағы «мәнгүрттеріміз» бе? Жоқ! Себебі, біз тәуелсіздік алып, егемен ел атандық қой. Анау, өзбек, түрікпен және басқа халықтардан кембіз бе? Мүмкін емес. Абылайдай хандарымыз, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты билеріміз, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты батырларымыз болған біздерді кімдер тізе бүктіруі мүмкін?!

Сілкінетін кез келді. «Ештен кеш жақсы», - дейді халық. Ру-ру, жақ-жақ, жүз-жүзге бөлінбей, азғантай ғана қазақ бір жұдырыққа бірікпек қана ел боламыз. Әйтпесе, баяғы құлдық қалпымызға қайтадан түсеміз. Басқаларға біздің елдігіміз, тіліміз,

дініміздің қажеті жоқ. Қанша жерден бауырмал, жүз халықтың лабораториясы болсақ та, ертен басымызға қиын-қыстау күн туа қалса өз қотырымызды өзіміз қаситынымыз анық. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Сондықтан, бірігейік ағайын! Өз жерімізде басқаларға тәуелді болуды қояйық. Кешегі іргетасын Ахандар (А.Байтұрсынов) қалап кеткен газет-журналдарымызды, радио, телевизияны жоғары сатыға көтеріп, ұлттың көзі, құлағы, тіліне айналдырайық. Есіктен кіріп төрге ұмтылғандарды тайраңдатып қоймай, тілімізді қайтарындар деп сауға сұрамай, сөзден іске көшуіміз керек. Сонда ғана басқалар бізді сыйлайтын болады.

Қазір тәуелсіздік алған жылдары балаларын қазақ мектептеріне бергендер, қайтадан орыс сыныптарына ауыстырып жатыр. Неге? Қай мекемеде болсын іс қағаздары, құжаттар орысша жүргізіледі. Немесе сырт көз үшін орысшадан қазақшаға аударылады. Неге? Транспортта, көшеде екі қазақтың басы қосылса барқылдап орысша сөйлесіп жатқаны. Неге?

Қысқасы, біз басқалардан емес, басқалар бізден эфирден 20 пайыз уақыт сұрайтын дәрежеге жетпесек, онда ешқашан дербес мемлекет, тіпті ұлт қатарына жатпайтындығымыз айдан анық. Сондықтан, көпірме сөзден нақты іске көшетін уақыт жетті, ағайын. Әйтпесе, болашақтан үміт күтіп қажеті жоқ. Барлығы да жалған болып шығады.





Видеолекция

## РЕАЛЬНЫЕ ШАГИ В ВИРТУАЛЬНОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

Первый день весны отмечен событием необычным и неординарным для сферы высшей школы и науки. Казахский национальный университет им. аль-Фараби, открывая дорогу новым технологиям в образовании, впервые в казахстанской практике межвузовского научно-информационного обмена осуществил дистанционное прочтение лекции по каналу Интернет-сети.

Первыми слушателями столь необычной лекции стали студенты Карагандинского государственного университета им. Е. Букетова.

В феврале текущего года ректор КазНУ им. аль-Фараби Т.А. Кожамкулов и первый проректор З.А. Мансуров приняли участие в международной телеконференции с Министерством науки Франции, на которой были обсуждены новые направления проекта Темпус-Тасис по развитию дистанционного образования. И уже менее чем через месяц подобный обмен научной информацией стал реальным фактом и для системы высшего образования Казахстана.

Первыми "покорителями" казахстанского межвузовского Интернет-пространства стали проректор по научной работе КазНУ им. аль-Фараби, доктор физико-математических наук, профессор А.И. Купчишин и декан физического факультета КарГУ им. Е. Букетова, доктор физико-математических наук, профессор К.С. Бахтыбеков. Тема первой виртуальной лекции, организованной в КазНУ для карагандинской аудитории, была посвящена актуальной проблеме применения радиационного излучения в различных отраслях промышленности. Студенты выразили живой интерес к изложенным в лекции научным основам применения радиационного излучения для стерилизации медицинских инструментов, обработки пищевых продуктов и продукции генной биотехнологии, очистке сточных и промышленных вод, флотации благородных и редких металлов и т.д.

Поскольку видеолекция проходила в режиме



**А.И. КУПЧИШИН, проректор по научной работе**

on-line, т.е. практически мгновенной связи, студенты КарГУ имели возможность не только слушать лекцию, но и общаться с лектором, принимая участие в обсуждении проблемы.

Еще несколько лет назад, отмечает А.И. Купчишин, идея проведения по Интернет-сети совместных научных конференций, экспериментов и испытаний казалась мечтой далекого будущего. Но во многом благодаря усилиям администрации и хорошей технической оснащенности университета, многое становится реальным уже сегодня.

По мнению начальника компьютерного центра КазНУ У.А. Тукуева, имеющаяся в университете коммуникационная корпоративная сеть соответствует самым высоким мировым стандартам и позволяет внедрить в учебный процесс новые технологии обучения и обмена информацией. Кроме того, компьютерный центр КазНУ традиционно является одним из передовых центров внедрения современных технологий и укомплектован квалифицированными кадрами, прошедшими обучение и стажировку в Европе.

Как показала практика, для внедрения современных технологий и широкого обмена научной и образовательной информацией необходим качественный канал Интернет-сети. И сейчас в КазНУ всерьез задумались над тем, чтобы организовать собственный канал и стать провайдерами в Интернете для других вузов Казахстана.

**М. САГЫМБАЕВА, пресс-служба КазНУ им. аль-Фараби**



**Ректор МГУ им. М.В. Ломоносова В.А. Садовничий и председатель профсоюза "Парасат" КазНУ им. аль-Фараби М.Т. Мукашева**

## Интеграция высшего образования продолжается

В феврале состоялся девятый съезд, на котором от Казахстана приняли участие первый проректор КазНУ им. аль-Фараби профессор, доктор химических наук З.А. Мансуров и председатель вузовского профсоюза "Парасат" доцент, кандидат филологических наук М. Т. Мукашева. На съезд приехали представители большинства ведущих вузов СНГ.

Главным лейтмотивом встречи было обсуждение дальнейших шагов по взаимовыгодному сотрудничеству, поиску точек соприкосновения, поднятие авторитета современного образования. Практически всем сейчас ясно, что если не заниматься этой работой, мы, связанные прежде тесными отношениями, можем оказаться оторванными друг от друга. И пользы от этого никому не будет. Многие выступавшие на съезде отмечали, что интеллектуальный, духовный, научный потенциал сосредоточен именно в классических вузах, каким является и КазНУ. По обсуждаемым вопросам было выработано общее мнение.

Название Евразийская очень точно отражает главные цели и задачи ассоциации, поскольку она действует не только на территории СНГ, но и включает, в частности, университеты Турции. Подобный тандем позволит развивать учебную, методическую и общественную работу, согласовываясь с мировыми тенденциями. КазНУ

### Съезд Евразийской ассоциации классических университетов

Процессы интеграции, проходящие в СНГ, не обошли стороной и высшее образование. С целью скорейшей адаптации вузов в новых реалиях, с целью эффективного обмена опытом, была создана Евразийская ассоциация классических университетов. Появившись в 1989 году, она постоянно расширяет свои ряды. Одним из ее соучредителей является и наш КазНУ.

есть чем поделиться с коллегами: профессорско-преподавательский коллектив постоянно находится в поисках новых форм и методов повышения качества знаний, расширяется студенческие самоуправление, год от года ученые университета патентуют десятки новых разработок, выпускают сотни научных трудов. Все это находит должную оценку у коллег по ассоциации. Высшее образование — это не только кладовый знаний, но и кузница судеб молодого поколения. И это сейчас стало ясно всем. Престиж вузовского образования постоянно растет, но планка требований жизни поднимается все выше, рынок диктует свои законы, поэтому взаимовыгодный обмен информацией и опытом, как это было на прошедшем в Киеве съезде ассоциации, чрезвычайно полезен и поучителен. По его итогам на новый срок переизбран президентом ассоциации ректор МГУ профессор, доктор физико-математических наук В. А. Садовничий. В президиум председателей профкомов Евразийской ассоциации классических университетов избрана председатель профкома КазНУ М. Т. Мукашева. Думаем, работа хорошо зарекомендовавшей структуры и в дальнейшем будем задавать хороший тон межвузовскому сотрудничеству.

**М.Т. МУКАШЕВА, председатель профсоюза "Парасат" КазНУ им. аль-Фараби**

### Тажибаевские чтения

22-23 февраля 2002 г. в КазНУ им. аль-Фараби прошли II-я Международная научно-теоретическая конференция "РАЗВИТИЕ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ МЫСЛИ В РЕСПУБЛИКАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ" и II-е Тажибаевские чтения



**Т.Т. ТАЖИБАЕВ, академик АН КазССР, доктор педагогических наук, ректор КазГУ (1947-1953)**

## СУДЬБА НАЦИИ И ЭТНОПСИХОЛОГИЯ

После распада СССР во всех бывших союзных республиках Центральной Азии (Казахстан, Узбекистан, Кыргызстан, Туркменистан, Таджикистан) произошли крупные социально-экономические преобразования, начала возрождаться духовная культура и усилился интерес к национальным ценностям, к истокам национальной психологии. На международной конференции, проходившей в Алматы и организованной учеными в области педагогических и психологических наук Центрально-азиатских республик, на шести секциях выступило более 200 докладчиков из разных областей Казахстана и отдельных сопредельных стран ближнего зарубежья.

Подводя итоги работы конференции, участники констатировали, что в процессе становления молодых суверенных государств как никогда повышается роль психолого-педагогических исследований в гармонизации и гуманизации межэтнических отношений, в формировании общественно-значимого национального самосознания личности. Решение множества проблем, стьющихся в различной мере с судьбой национальных школ, культурных центров, средств массовой информации, различных общностей и религиозных верований, госучреждений, органов правопорядка и иных учреждений, также немаловажно без учета психолого-педагогических факторов, без этнопсихологических и этнопедагогических знаний.

Именно поэтому настало время объединить лучшие умы для создания многотомной энциклопедии Тюркской педагогики и психологии, где можно было бы собрать воедино жемчужины психолого-педагогической мысли различных этносов и этнических групп, проживающих в этом обширном регионе.

Конференция считает, что одной из важных задач психолого-педагогических наук республик Центральной Азии в перспективе является разработка теоретико-методологических основ этих отраслей знаний применительно к этнопсихологическим, демографическим и экологическим особенностям этого региона, ибо механический перенос методов и методик Запада, основанных на иной методологической основе и на ином менталитете, со временем может привести к нежелательным результатам.

Вместе с тем конференция отмечает, что до сих пор серьезно не налажена региональная координация научных исследований, проводимых учеными Центральной Азии в области педагогики и психологии, редко созываются совместные межгосударственные научно-теоретические конференции, симпозиумы и совещания. О том, какую важную роль сыграет проведение таких совместных форумов свидетельствует рост заявок на участие в работе этой конференции. Например, только из Республики Узбекистан поступило более 50 докладов.

Конференция также обращает внимание, что многие пункты рекомендаций по увековечиванию памяти выдающегося

ученого-психолога и педагога Т.Т. Тажибаева (1910-1964), принятых на конференциях 2000 и 2001 гг., остаются не реализованными.

В этой связи конференция еще раз обращается к вышестоящим директивным инстанциям Республики Казахстан помочь в решении этой проблемы.

### Конференция рекомендует:

1. Просить правительства и Министерства образования и науки Центрально-азиатских республик оказать содействие в создании Центрального НИИ этнопсихологии и этнопедагогики данного региона для совместной комплексной разработки фундаментальных проблем педагогики и психологии периода перехода к рыночным отношениям.

2. Просить Министерства образования и науки Центрально-азиатских республик решить вопрос, связанный с разработкой статуса кафедр этнопедагогики и этнопсихологии, и проблему стандартизации этих отраслей знаний.

3. Просить Минобразования этих республик рассмотреть возможности введения в базисные учебные планы средних общеобразовательных школ обязательного цикла курса этики с 1-го по 11-й классы, а также для старшеклассников - курса психологии, которые помогут активизировать процесс гуманизации и гуманитаризации всей системы общего среднего образования и способствовать повышению этико-психологической культуры учащихся.

4. В целях повышения уровня психолого-педагогических знаний врачей, юристов, работников сельского хозяйства, госучреждений, инженеров-управленцев, бизнесменов, предпринимателей и других специалистов предусмотреть создание различных курсов (краткосрочных, годичных) по психологии и педагогики в университетах, медицинских, технических, аграрных и художественных вузах; для этой цели создать межвузовские кафедры и факультеты повышения квалификации по этим дисциплинам.

5. Конференция повторно просит МИД и МОН республики Казахстан войти с ходатайством в правительство Республики по вопросу увековечивания памяти академика Т.Т. Тажибаева. С этой целью: а) присвоить его имя одному из вузов республики и улице в г. Алматы или Астане; б) установить мемориальные доски в учебных заведениях, где в разное время учился и работал Т.Т. Тажибаев (Арысский детский дом, Таразский педколледж, КазНУ им. аль-Фараби); в) Центру этнопсихологии и этнопедагогики при КазНУ разработать круг мероприятий, направленных на дальнейшее освоение психолого-педагогического наследия ученого, и начать подготовку издания его полного собрания сочинений в 10-ти томах.

Соответствующим инстанциям Центрально-азиатских республик совместно решить вопрос об организации и проведении раз в три года межгосударственных научно-теоретических конференций, посвященных актуальным проблемам педагогики и психологии. Очередную такую конференцию созвать в столице Кыргызстана — Бишкеке в феврале 2005 года.

**К.Б. ЖАРЫКБАЕВ, профессор кафедры психологии**



Мерейтой

11 наурыз күні филология факультетінде филология ғылымдарының докторы, профессор М.Т.Томановтың туғанына 70 жыл толуына байланысты “М.Томанов және қазақ тілінің өзекті мәселелері” деген тақырыпта Республикалық ғылыми-теориялық конференция болып өтті.

Конференцияны университетіміздің бірінші проректоры З.А.Мансуровтың өзі ашып, 10 жыл қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі болған, қазақ тілінің тарихи дамуын ежелгі Орхон-Енисей ескерткіштерімен салыстыра зерделеп, артына өлмес асыл ғылыми мұра қалдырған профессор М.Томановтың ҚазҰУ-дың шаңырағындағы 25 жылдық ұстаздық еңбегі мен ғалымдық қызметіне тоқталды.

Конференцияда академиктер З.Қабдолов, Ә.Т.Қайдар, ғалымның замандасы, профессорлар Ә.Ыдырысов, Ә.Құрышжанов, Р.Ф.Сыздық, А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының директоры К.Ш.Құсайынов, факультет деканы, профессор Э.Д.Сүлейменова, профессорлар Б.Сағындықұлы, С.Мырзабеков, Е.Жанпейісов, О.Нақысбеков, Б.Әбілқасымов, Ж.Манкеева және марқұмның отбасы мүшелері, т.б. қатысып, ғалымның ғылыми-ұстаздық жолынан, кәргені мен көңілге түйгендерінен сыр шертті.

Мерейтойға орай ғалымның “Тіл тарихы туралы зерттеулер” атты 40 б.т. еңбегі жарық көрді. Мұнда ЖОО студенттеріне арналған оқулықтары мен мақалалары жинақталған. Сондай-ақ, М.Томановтың библиографиялық көрсеткіші, арнаулы “ҚазҰУ хабаршысы” (Филология сериясы) “Қазақ университеті” баспасынан жарық көрді.

Конференциядан соң, марқұмның бұрынғы тұрған үйінің қабырғасына естелік тақта орнатылды.



# Ғалым мұрасы гасырдан-гасырға

Жылжып өтіп бара жатқан ХХ ғасырдың аты замана тарихында қалай болып жазыларын кім білсін. Әйтеуір, қазақ тарихында өзінің қиын-қыстау, тар жол, тайғақ кешуімен, репрессия мен қуғындаудан көз аспаған қазақ зиялыларының көкірегін қан жылатқан қасіреттерімен жазылары анық.

Дегенмен, осы ғасырдың бір жылжымық кездері де болғандай. Ол жылжымықтың бір соққан сәті 70-жылдардың төңірегінде еді. Осы уақытта қазақ әдебиеті мен мәдениетінде, ғылымында халық тарихына, оның тілі мен тегінің сорабына көз салу үрдісі байқалды. Әдебиет әлемінде осы кезеңде көптеген тарихи шығармалардың дүниеге келе бастауын осы жылжымық кезеңнің алдамшылау жылжылығымен байланыстыруға болатын сияқты. Мұндай жағдай тіл мен мәдениетті зерттеушілердің де шығармашылық жолынан анық аңғарылар еді.

Ғасыр басында суырылып алға шыққан қазақ ғалымдары – А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, Н.Төрешұлы, Х.Досмұханбетов Қ.Жұбанұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омаровтардың т.б. біліктілігі мен білімділігі тек түркологияда ғана емес, бүкіл Ресейлік білімдарлардың алдында мойындалғаны белгілі. Сол кезеңдегі қазақ тілінің ғалымдарының салдарлы білімділігіне тайсалды ма екен, кім білсін, қазақ тілін зерттеп, пікір айтуға орыс тілді ғалымдар аяқ баспапты. Қазақтың кең маңдайлы ғалымдары заманның сор маңдайына алып, өмірден баз кешіп кете бергенде, олардың орынын толтыратын жаңа буын өкілдері жалтақтай басып ғылымға келе бастап еді. Одан кейінгі кеңестік сүркія саясат ол ғалымдардың қадамдарын аштырмағаны да қазір тарих. Беделді басылымдарда беделді ғалымдардың сынына қатты ұшыраған С.Аманжолов, Н.Т.Сауранбаев айтарын айтып кете алды дей аламыз ба?

Пенде баласының қамшының сабындай қысқа ғұмырында ғылымға қызмет етіп, халық тілінің тарихы мен жүйелі құрылымын зерттеген ғұлама ғалымдарға қалай,

қандай ескерткіш қойса да жарасар еді. Біз қызықпыз. Әдетте ақын-жазушы, өнер қайраткерлері, өнші, суретшілерді таныту мен насихаттауда жақсы үлгі көрсеткенімізбен, ғалымдар еңбегін елеуге келгенде шабандуа қимылдаймыз. Мүмкін бұл ғалым табиғатының қарапайымдылығынан (скромность) ба екен?

Қазақ халқының ел болып танылып, әлемдік өркениетте өзін таныта алуы мен әлемдік мәдениетте өзінің жетістіктерін үлгі етер бір тусы – мемлекеттік тілі, әдеби тілі. Тіл – адамның жаны, рухы дегенге илансақ, қазақ жаны мен рухы осы қазақ тілінде жатқаны өзінен-өзі түсінікті. Демек, тілші ғалымдардың көтерер жүгі де, орны да, атқарар ролі де ерекше болады. Қазақ тілін халық жанының, рухының бейнесіндей көріп, оның терең тылсымына бойлай отырып, көне бастауларын, тарихи даму жолын анықтауға өмірін арнаған қазақ ғалымдарының бірі – Мархабат Томанұлы Томанов болды.

М.Т.Томанов түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жазуға да түркі тіл білімі ғалымдарының көбінен бұрын кіріседі. Түркітануда мұндай салыстырмалы грамматикалар санаулы. Әрі олардың негізгілері, басты-бастылары – орыс ғалымдарының қаламынан шыққан. Сондықтан да М.Томановтың осы еңбегі арқылы да қазақ тіл білімі түркітануда туыс тілдерінің қатарында оқ бойы озық тұрады.

Бүгіндері туғанына 70 жыл толып отырған ғалым, филология ғылымының докторы, профессор М.Т.Томановтың еңбектері оқушы қауымға бұрынғыдан да қат, қажет. Заманына қарай адамы демекші, тәуелсіз елдің жастары өз тарихына ерекше ілтипатпен қарайды. Өз тілінің болашағына нық сеніммен қарауға тарих сүрлеуіне қарай отырып сенеді. Жүріп өткен жолымыздағы сан алуан қиын-шылықтар мен ауыртпалықтарда мойымаған, қайта шындала түскен, өсіп өдемілене, нақыштала түскен, ішкі иірімдерін толқындатып, құрылым жүйесін нашына келтіре жона түскен қайсар халықтың қадірлі де қасиетті тілі бар. Қазақ тілінің жүйесі мен құрылымын айқындап ашып беретін, оның қалыптасу, даму жолының күрделі табиғатын зерделейтін “Қазақ тілінің тарихи грамматикасы” бар.

Анар САЛҚЫНБАЙ, ф.ғ.д., профессор

Юбилей

# ВЕРНОСТЬ ЛЮБИМОЙ НАУКЕ

В.П. Митрофанов, доктор биологических наук, профессор, заслуженный деятель науки Казахской ССР, около 30 лет руководил кафедрой зоологии и ихтиологии КазГУ им. аль-Фараби. Его имя хорошо известно в странах СНГ и за его пределами. Валерий Петрович внес огромный вклад в развитие ихтиологии в Казахстане, подготовил не одно поколение специалистов рыбного хозяйства. 3 января 2002 года ему исполнилось бы 70 лет. Восемь месяцев не дожил он до своего юбилея.



В.П. Митрофанов родился в г. Перми и с 1934 г. жил в Алма-Ате, куда были приглашены на работу его родители, которые многие годы преподавали во вновь открывшемся университете, а отец в разное время был деканом биофака и заведующим кафедрой дарвинизма.

Начиная со студенческих лет, Валерий Петрович проявил интерес к ихтиологии и оставался верен ей всю жизнь. В 1961 году он успешно защитил кандидатскую диссертацию “Рыбы оз. Марка-Куль”, которая в дальнейшем легла в обоснование организации Маркакольского государственного заповедника.

С 1962 г. деятельность В.П. Митрофанова связана с нашим университетом. Он начал со старшего преподавателя, был и заведующим кафедрой (с 1971 г.), и проректором (1979-1983 г.г.), и избирался секретарем парткома (1983-1986 г.г.).

Заслуги Валерия Петровича перед биологическим факультетом огромны. В 1960-е годы он одним из первых в университете организовал хозяйственно-исследовательские работы. В 1965 г. под руководством проф. Н.З. Хусаиновой и В.П. Митрофанова впервые в Казахстане было начато в рамках Международной биологической программы изучение продуктивности водоемов бассейна р. Или.

Кроме того, Валерий Петрович изучал в эти годы происхождение ихтиофауны Казахстана, особенности ее формирования в разных бассейнах, систематику и биологию слабо изученных видов, совершая экспедиционные выезды на водоемы Арало-Сырдарьинского, Балхаш-Илийского, Иртышского бассейнов. Впервые за многие годы он провел маршрутное обследование бассейна р.

Эмба и левых притоков р. Урал.

Эти исследования были обобщены в монографии “Карповые рыбы Казахстана”, которая была защищена в 1973 г. как докторская диссертация.

Валерий Петрович был прекрасным лектором и педагогом. В разные годы им были разработаны и читались на высоком профессиональном уровне общие лекционные курсы по зоологии позвоночных и охране природы, а также более 20 спецкурсов по ихтиологии, экологии, биопроductивности экосистем, поведению животных, биоценологии и др. Широкая эрудиция и высокий профессионализм В.П. Митрофанова обеспечивали ему большой авторитет и уважение среди коллег и студентов. Курсовые и дипломные работы, выполненные под его руководством, отличались оригинальностью и глубиной.

Учебная и производственная полевая практика под руководством Валерия Петровича проходила всегда неординарно, была нестандартно познавательной и увлекательной. Например, в 1966 г. он с группой сотрудников и студентов совершил сплав на лодках по р. Или от п. Борохузир до дельты, что в дальнейшем превратилось в ежегодное туристическое мероприятие в университете.

Как заведующий кафедрой Валерий Петрович уделял большую работу по совершенствованию учебного процесса, проявив хорошие организаторские способности, терпимость и тактичность в работе с людьми.

Невозможно в газетной статье охватить многогранную деятельность В.П. Митрофанова. Но хочется отметить, что Валерий Петрович был неординарным человеком. Выступая

на научных форумах разного уровня, он привлекал внимание нетривиальным мнением, оригинальным анализом, ясностью мысли, логичностью и четкостью изложения.

Последние публикации Валерия Петровича были посвящены таким болезненным точкам ихтиологии и экологии как проблема Балхаша, проблема сохранения биоразнообразия и проблема использования ресурсов трансграничных рек, что стало особенно актуально для Казахстана, где все основные речные системы берут начало за рубежом.

Педагогические, научные и организационные способности В.П. Митрофанова получили проявление и в общественной жизни. Он был в свое время депутатом, членом райкома и обкома компартии, а также до последнего дня жизни работал в составе различных комиссий, научных и ученых советов, в редколлегии журнала “Вопросы ихтиологии” (Москва). Прекрасный труженик Валерий Петрович имел звание “Заслуженный деятель науки Казахской ССР” (1985), был награжден Почетной грамотой Верховного Совета КазССР, Почетными грамотами Президиума ВГБО, Минвуза КазССР, Президиума Казахстанского общества охраны природы, медалью “Ветеран труда”.

Плодотворная научная и педагогическая деятельность В.П. Митрофанова служит примером для молодых специалистов, а труды его еще долго будут востребованы в биологической науке и рыбохозяйственной практике.

Г.М. ДУКРАВЕЦ, зав. лабораторией НИИ проблем биологии и биотехнологии КазНУ им. аль-Фараби

Бастама

# ӨЗ ҚҰҚЫҒЫНДЫ БІЛУ -

## БАСТЫ ҚАЖЕТТІЛІК

Қазақстан Республикасының алға қойған мақсаттарының бірі - құқықтық мемлекет құру. Аталған күрделі де, жауапты мақсатқа қол жеткізу тек құқықтық актілер қабылдау немесе өзге де мемлекеттік басқару тармақтары шара-әрекеттерінің шеңберінде ғана емес, бүкіл бұқара қауымы болып құқықтық мемлекетке жету мүмкіндігін анықтап алу арқылы да жүзеге аспақ.

Бұл аталғандар құқықтық мемлекетке жетудің жалғыз шекті амалдары емес. Мемлекетіміз республиканың ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялауды құқықтық мемлекетке жетуде ту етіп ұстанып отыр. Ал, халықтың, оның әлеуметтік аз қамтылған тұрғындарының көп жағдайда ақылы заңдық көмек алуға қауқарлары жетпейді. Олардың конституциямен баяндалған (13-бап) құқықтық субъектісі ретінде танылу мәртебесін мойындай отырып, өз құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда, қажетті қорғанысты қоса алғанда заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдер мен қорғану құқығын пайдаланулары керек. Сондықтан өмірдің небір келеңсіз жағдаяттарында кеңес алу үшін белгілі бір дәрежеде құқықтық бірнеше салалары бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің құрылымдық бөлімшесі ретінде ҚазҰУ-дің бұйрығымен болашақ ұрпақ, еліміздің келешегі – студенттер қауымы арасында құрылған студенттік заң клиникасының жұмыс істей бастауы құқықтық мемлекет құруда зор үлесін тигізеді деп қарауға болатын үлкен жетістік. Бұған дәлел - небәрі 1 ай ішінде тұрғын үй құқығы-8, қылмыстық қ. – 4, азаматтық қ. – 15, еңбек қ. – 3, әкімшілік қ. – 5, отбасы қ.-2, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласы бойынша – 16 азаматтың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің заң клиникасының студент-клиницистерімен қабылдануы.

Заң клиникасын құрудағы мақсаттар екі бағытты көздейді. Бірі - әлеуметтік халықтың аз қамтылған азаматтарына тегін заңдық көмек көрсету, олардың құқықтарын қорғау, көпшіліктің

құқықтық сауаттылығын жетілдіру, азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру сияқты мақсаттарды негізге алса, екінші бағыт төмендегі мақсаттарды жүзеге асырады:

- студенттерді психологиялық және құқықтық мәдениеттілікке, кәсіби этикаға, теориялық білімді практикамен ұштастыра отырып азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғауда нақты амал-тәсілдерді қалай қолдануға үйрету;
- заңға, азаматтардың ар-намысы, абыройын құрметтеуге, адам тағдыры және тапсырылған іс үшін жауапкершілікке тәрбиелеу;
- студент-заңгерлерді нақты өмірлік жағдайлар және нақты амалдармен жұмыс істеуге жұмылдыру.

Клиниканың қызметі аталғандармен ғана шектелмейді. Бұқаралық ақпарат көздерінде заң мәселелері бойынша кеңес беру мүмкіндігіне, студенттердің клиникалық тәжірибені факультеттен тыс құқық қорғау органдары, нотариалдық кеңселерде және жеке заңгерлер ретінде жүзеге асыру, заңды қолданудың кәсіби үлгілеріне үйрету мақсатында клиника студенттері үшін тәжірибелі маман-практиктердің практикалық сабақтарын жүргізу де клиника мақсаттарына жатады.

Заң клиникасының мақсаттарынан көріп отырғанымыздай, халықтың аз қамтылған тұрғындарының өз құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайларда заңдық кеңес, көмек алу мүмкіндігін ғана қарастырмайды, мемлекетіміздің болашақ білімді де білікті заңгер мамандарының жұмысқа орналасу, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтау, алған білімін жетілдіріп қолдануға үйрену, құқық қолдану практикасын меңгеру, нақты өмірлік жағдаяттарда жас маманның бойындағы үрейді жеңу, заңгер мамандығына практикалық тұрғыда қарау мүмкіндіктеріне де жағдай жасайды.

Студенттер тәжірибелі заңгерлер мен ұстаздардың басшылығымен азаматтарға түсініктеме, заң мәселелері бойынша ауытша және жазбаша анықтамалар береді, талап-арыз, шағым, т.б. құқықтық сипаттағы құжаттарды толтыруға көмектеседі, заңға сәйкес сенімхат негізінде сотта азаматтардың мүдделерін білдіруге өкілдік ете алады, шағын және орта бизнес саласында жұмыс істейтін заңды тұлғалар мен азаматтарға құрылтай құжаттарын жасасуға, олардың қызметін лицензиялауға, тіркеуге дайындық жасай алады.

Заңдық клиниканың құрылып, жұмыс істеуі - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқушыларының еңбегін жоғары бағалауды, ҚазҰУ-дің республика жоғары оқу орндары арасындағы жоғары мәртебесін дәлелдейтін тағы бір айғақ.

Эльмира ДҮЙСЕНОВА, Заң факультетінің 3-ші курс студенті





Кенесары хан-200 жыл

Халық әдебиеті

КЕНЕСАРЫ ЗАМАНЫНАН

XX ғасырдың алғашқы ширегінде шығып тұрған «Жаңа әдебиет» журналының N 9 санында Біләл Малдыбайұлының «Кенесары заманынан» деген мақаласы араб қаріпінің негізіндегі төте жазумен жарық көріпті. Енді осы мақаланы филология факультетінің 2 курс студенті Жанбота Сұлтанмұраттың тәржімасында «Қазақ университеті» газетінің оқырмандарына ықшамдап ұсынып отырмыз.



II

Енді Кенесарыға ерген батырлардың еліне келейік. Қарауыл елі Кенесарының келген жағына таман көшпек болады. Бірен-саран ауылдар жырылып бұрынғы мекендерінде қала береді.

Қарауыл сол бетімен көшіп, беті Қарағатау болып Сарысуды өрлейді. Ол жақты малдары жерсінбей өле бастайды, жұрт жүлеп-жадайды. Сонда Кенесарыға еріп кеткен батырлардан хабар келеді. «Мұнда келмесін, белгілі қоныс жоқ» деп, кейін қалған елден және хабар келеді: «Көшкен елдің артынан іздеп солдат шықты» деп. Жұрт сасып, абыржиды. Сонда Жақсылық Жансақал бай төрт бие сойып, Қарауылды жиып алып ақылдасады: «Енді қалай қыламыз, алды-артымыздан солдат шауып келе жатқандығынан және хабар алып отырмыз, мал болса жерсінбей тұр, Шұбардың қыс панасы, жаз саясы бар еді» - дейді.

Содан кейін жұрт қайтуға қаулы қылады, ондағы Атығай, Керей, Уақ, Қанжығалы не болса, біз де бірге көрерміз. Бірақ кейін көшейін дес орыстың солдаттыңан қорқады, сөйтсе де бел байлайды. Әуелде басып болып көшкен Жақсылық Серкеш би екен, ол екі жерде де ілгері болғандықтан, оған хабар жібереді.

Серкештің екі ауылы: «Біз қайтпаймыз, не де болса Жансақал ағай жер танып келсін деген шығар» деп, қайтпай көшіп кете береді.

Соңғы топ Қарауыл көшіп Шұбарға келе жатқанда алдарынан орыстың көп солдаты келіп: «Сендер қайдан келесіңдер, қаштыңдар ма?» - деп сұрайды. «Жоқ, біз қашқанымыз жоқ, мал үшін жайлауға барып едік» деседі. Сол сөзге нанып, солдаттар елге тимейді.

Сонан Қарауыл ескі мекеніне қайта орналасады.

Қазақ халқы орыс патшасына бағына бастағанда, құнбатыс Сібірде төрелерден басқа, қара қазақтан қағынғандар мыналар болыпты: Атығайдан Зілқара, Керейден Тұрлыбек, Қаржастан Мұса, Қыпшақтан Ыбырай, Атығай бағыстан Қожағұл, осы адамдар патша үкіметіне қарауды өте ұнатпай жалпы елге мұрындық болыпты. Көкшетауға қарайтын Арғын ішінде Қарауыл деген ел патшаға қарауды ұнатпаған. Қарауылға Кенесары хабар салады, орысқа бағынбаңдар деп. Содан Қарауыл ішінен белгілі батырлар Бөгенбай, Амалдық, Кенжебай, Арлан, Шамай, Шауыпкелулы Баубек молда, Елубай, Кете басшы болып, Кенесарыға еріп кетеді және Қожым руынан Балтабек, Жолақкөт деген кісілер, тағы басқалар да бірге кетеді. Бұлар барып қосылғаннан кейін Кенесарының әскері Дулат елін шауып, өзіне қаратып, сонсын бірнеше елдерді алып және қырғызбен соғысып, Алатауға кеп күш жұмсайды.



Касымхан КАПШАРОВ, студент 2 курса факультета экономики и бизнеса

Наша история

В начале XV века в Средней Азии во всю силу шел процесс формирования национальных государств. В течение двух веков канули в Лету десятки государственных формирований, десятки новых возникли на их землях. Именно в это нелегкое время на территории чужого государства зародилось Казахское ханство, которому суждено было спустя полвека стать гегемоном Средней Азии. Данный подъем Казахского ханства неразрывно связан с именем его четвертого хана - Касым хана.

Истоки казахской государственности

В 1511 году он был поднят на белой кошме, и в Казахском государстве появился новый правитель. Весь период своего правления ему приходилось отстаивать целостность Казахского ханства.

В 1513 году он разгромил главного соперника в Средней Азии - государство Шайбанидов. Эта победа не только принесла авторитет Касым-хану, но и вывела Казахское государство на мировую политическую арену.

Вскоре Касым-хан без единого сражения, лишь силами дипломатии устанавливает свою власть в Жетысу и районе Сырдарьи. В дальнейшем путем присоединения Ногайской Орды Казахское ханство получило на Западе выход на Астраханское, Казанское, Крымское ханства и Московское княжество. Касым-хан, используя их потребность в сильном союзнике, устанавливает с ними выгодные дипломатические отношения.

В период Касым-хана разным племенам, объединенным в одно государство и раньше носившим имена «кыпчак», «кочевые узбеки» или «узбек-казахи», был присвоен этноним «казах», а территория, которую они населяли, стала называться «Казахстан».

Логическим завершением формирования казахской государственности в период правления Касым-хана явился свод законов «Касым-ханнин каска жолы», или «Светлый путь Касым-хана». В кодексе были отражены все важные стороны общественной жизни того времени. Свидетельством этого может служить то, что возникшие спустя века своды законов «Древняя дорога Есим-хана» и «Семь установлений Тауке-хана» имели в своей основе статьи «Светлого пути Касым-хана».

Касым-хан официально правил всего одно десятилетие, но

смог представить свой народ всему цивилизованному миру в качестве большой геополитической силы, с которой приходилось считаться. Особенно актуально это звучит в канун празднования десятилетия независимости Казахстана. Именно сегодня мы должны окинуть взглядом прошлое и задать себе вопросы: Смогли ли мы, потомки свободных казахов, быть достойными своих предков? Будут ли когда-нибудь наши потомки иметь такую редкую возможность - восторгаться светлыми деланиями своих предков? Ответы на эти вопросы, по-моему, каждый должен найти для себя сам, конечно, прислушиваясь к голосу сердца и Истории...

Хотелось бы, перифразируя слова выдающегося государственного деятеля Соединенных Штатов Америки Дж. Ф. Кеннеди, упомянуть одну неписаную гражданскую заповедь, которая является залогом процветания государства: «Не думай, что дала тебе независимость Казахстана, подумай о том, что ты можешь сделать для ее большего укрепления и процветания нашей родины». Думая об этом, каждый из нас должен пытаться стать лучшим среди равных в своем мире, будь то учеба или работа. И только в этом случае Казахстан в глазах мировой общественности сможет стать равным среди лучших, только тогда мы можем гордо носить имя достойных продолжателей дел наших предков.

В заключение можно сказать, что правление Касым-хана для казахского народа явилось эпохальным периодом, он сыграл решающую роль в становлении казахской нации. По аналогии мы можем назвать таких государственных деятелей, как Иван Грозный в России, Отто Бисмарк в Германии, Джордж Вашингтон в США. Все они явились истинными создателями государственности своих народов и этим заслужили его вечную память и благодарность.

Сан мен сапа

Егеменді еліміздің тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық, мәдени даму жолдары ең алдымен оның халқының, әсіресе республикаға өз атын берген ұлттың өсіп-өнуі және әлеуметтік құрамындағы күрделі өзгерістер арқылы танылып, белгілі болады десек қателеспейміз.



Жетпіс ТАЛДЫБАЕВ, ҚазҰУ-дың тарихи музейінің қызметкері

Демографиялық өсім - даму кепілі



Міне осы тұрғыдан алып қарағанда, Қазақстандағы кеңестендіру жылдарындағы қазақ халқының саны мен әлеуметтік демографиялық жағдайларындағы дағдарыстардың ауыр зардаптарын зерттеу үшін 1926, 1937, 1939 және 1959 жылдары жүргізілген Бүкілодақтық халық санақтарының қорытынды нәтижелерін өзара ғылыми түрде салыстыру арқылы үлкен дәлдікпен есептеп шығара аламыз.

1926-1959 жылдары жалпы Одақ деңгейіне қарағанда Қазақстанда халықтың табиғи өсуі едәуір жоғары болғанын басып айтқан жөн. Мысалы, 1940 жылы Одақ бойынша табиғи өсу 13,2 промилль (1 мың адамға) болса, Қазақстанда 19,4 промилльге жетіп, 6,2 промилльге асып түскен. Соғыс жылдарынан соң бұл көрсеткіш көп өсті: 1950-1954 жылдары Одақ бойынша табиғи өсу коэффициенті 17,0 промилль болса, Қазақстанда 26,4 промилльге, 1955-1959 жылдары Одақта 17,6 промилль, ал Қазақстанда 29,1 промилльге жеткен. Яғни бұл екі кезеңде 11,5 промилльге артық болған. Қазақстан Одақта табиғи даму жөнінен 4-5 орынды тұрақты алып отырған. Дегенмен зерттеліп отырған кезеңнің алғашқы он бес-жырыма жыл ішінде қазақтардың табиғи өсу деңгейі, республикадағы басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда, төмен болды. Тек жоғары табиғи өсу нәтижесінде қазақ ұлтының 1960 жылдардағы демографиялық күрт дамуына (жарылыс) негіз жасалды.

Қазақтардың арасындағы көшіп-кону процестерінің күшті болуы нәтижесінде олардың территориялық орналасуында, яғни Кеңес Одағында, оның ішінде Қазақстан Республикасында және шетелдерде тұруында үлкен өзгерістер болды. Бұл өзгерістер әсіресе, 1920-1930 жылдары ауқатты шаруаларды тәркілеу, қазақтарды жаппай зорлап отырықшыландыру мен ұжымдастыру кезінде Кеңес Одағының басқа аймақтары түгіл, шет елдерге ауа көшуінің тікелей нәтижелері еді (600 мың).

1920-1930 жылдары қазақтардың сыртқа көшуі олардың өз республикасындағы саны мен үлесіне кері әсер етті.

Қазақ халқы, әсіресе оның зиялы қауымы мен басшы қызметтегі белсенді азаматтары 1930 жылдардағы саяси кұғын-сүргінге ұшырады. Тек 1935-1938 жылдары 135 мың қазақ саяси репрессияның құрбаны болып, атылды.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстаннан 1 миллион 202 мыңнан астам адам әскер қатарына шақырылса, оның 601 мыңнан астамы елге қайтып оралмаған. Олардың 350 мыңнан астамы қазақ азаматтары еді. Сонда 1926-1959 жылдары арасында ашаршылықтан, саяси қуғын-сүргіннен және Ұлы Отан соғысында және 76 көлденең жағдайлардың салдары қазақтар саны 2-3 миллионға жуық болған деп болжауға негіз бар сияқты. Сонымен қатар республика халқының, оның ішінде қазақтардың осы зерттеліп отырған 34 жыл ішінде табиғи өсуі, жоғарыда көрсетілген теріс жағдайлардың салдарынан болған өлім-жітім орнын толтыра да алмады.

Өткенге көз жіберсек, қазақтардың республика аймақтарында XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында қалыптасқан дәстүрлі орналасуы бұл жылдары да көп өзгере қойған жоқ. Айталық, 1897 жылы республиканың қазіргі территориясында жақын өлкедегі 3,392 мың қазақтардың үштен екіден астамы 70,4 пайызы Оңтүстік (Сырдария және Жетісу облыстарында 36,3 пайыз) және Батыс аймақта (Орал мен Торғай облыстарында, ішкі Орда мен Маңғыстау уезінде 34,7 пайыз) тұрса, Солтүстікте (Ақмола облысында) тек 11,6 пайыз, ал орталық пен Шығыста (Семей облысында) 18,0 пайызын ғана құрады.

Қазақтар қала тұрғындары ішінде аз болды. Оның басты себебі-көпке дейін ауыл шаруашылығы басым болғандықтан қалалар өте баю дамыды. 1897 жылы Қазақстан халқының 6,7 пайызы ғана қаларда тұрды. Оның көпшілігі орыстар мен татарлар, ал қазақтар бар болғаны 1,2 пайыз ғана еді. Тек Кеңес заманында индустрияландыруға байланысты қалардың өсуі кеңінен өріс ала бастады.

Қорыта айтқанда, 1926-1959 жылдары аралығында республика халқының арасында қазақтардың саны 27,1 пайызға кеміген. Бұған себеп болған, қазақ халқына қарсы қанды қызыл террор ұйымдастырған Ф.И.Голощекин басқарған Қазақстан өлкелік партия комитеті басшыларының экономикалық саясатты бұрмалауы еді.

Дегенменде бұл кезеңде қазақ халқы үшін айтарлықтай өзгерістер болды. Көпшілік көшпелі шаруашылықпен айналысатын халық отырықшылыққа айналды, республика қалаларының саны өсті. Қала халқының арасында қазақтардың саны көбейді.



Қара өлең қағанаты



Ізім қалды-ау өзіңде, Ауғанстан

Батырлардай қолына найза алысқан, Балғын едім аңсайтын айды алыстан. Аяушылық қайда деп айта көрме, Жаны күйген адамда қайдағы ұстам. Жырмен қалай ой салмай отырайын, Кетпей қойса елестеп тауда дұшпан. Үздей әуре болмай-ақ жауды алыстан, Ізім қалды-ау өзіңде, Ауғанстан.

Усойқы ойдан ұшыпса ұшынған жан, Мұрша бар ма? Мұны ойлап қысылғаннан. Бір халықты айдап сап бір халыққа, Қызылдарға не шара қысымға алған. Ожданьынның орыны олқы тұрар, Омырауға орденін ұсынғанмен. Әттең, орны толмайтын өкініш сол, Мұсылмандар айқасты-ау мұсылманмен.

Батыр таппай бағадур алашымнан, Орыстардың онда да бағы ашылған. Қазақ батыр болмауын қадағалап, Жол бермеуге жан салып аласұрған. Көгенкөзді көккөздер көп тұртетін, Солар жаудың алғандай жағасынан. Басқа ұлттың баласы болғандықтан, Ерлігі де Бауқеннің зорға ашылған.

Шабуыл (елес)

Жауған оқтың қайсысы екен менікі, Әрбір оққа бір-бір тағдыр байланған. Оқыс жерден орыңдалар ол үкім, Қанғып келіп қадалғанда маңдайдан.

Жауған оқтың менікі екен қайсысы, Айқыш-үйкіш жарқ-жүрк еткен алдымнан. Әрбір оқта ата-анаңның қайғысы, Тілеп жүрген тілеуінді тағдырдан.

Күдік күнде қалжыңдасар менімен, Ажалменен шыққан сайын бетпе-бет. Көктеп өтсең өттің жаудың шебінен, Өте алмасаң, көбеннен оқ көктемек.

Мүрдем кетсем мейлі мүлде мақұлмын, Шегінерге жарты қарыс жер қалмай. Жер баспай-ақ ұшып келе жатырмын, Мәмбет батыр қолтығымнан алғандай.

Шурави\*

Қазақ едім шыққанда туған үйден, Ауған асып айналдым Шуравиге. Кара орыс деп қарады олар бізге, Шындық еді шыңғырған бұл да әрине.

Сәлдесіне қарамай, кәллесіне, Жауға қарай жұмсадық барды өшіге. Молдаларды қойдай қу деп үйреткен, Қызылдардың қылығы мәңгі есімде.

Мәнгүрт едім. Көктемім гүлсіз менің, Оным да рас, дым білмес дінсіз едім. "Абылайлау" орнына "Ураладым", Қаныңда жоқ қайтесің үнсіз өлім.

Белгілі айтыскер ақын Әзімбек Жанқұлиевтің есімі өлең сүйер қауымаға жақсы таныс. Бүгінде ол әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде тәлім алуда. Осында бірнеше жыл бұрын айтыс сахнасында өзінің жарасымды өзіл-қажысыға толы жыр шумақтарымен көрерменнің көзайымына айналған ақын бүгінде жазба өлең жанрында да қалам тербеп жүр. Бір кездері қолына қару алып, Ауған асып, от пен оқтың ортасында болып қайтқан ақынның өлеңдерінде өмір шындығы нақты бейнеленген. Енді осы өлеңдердің бір тобын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Әзімбек ЖАНҚҰЛИЕВ:

"Жауған оқтың қайсысы екен менікі, Әрбір оққа бір-бір тағдыр байланған..."

Каперіме кірмепті кәпір деген, Оқпен бірге дұшпанға атылды өлен. Нысанамды таппапын енді білдім, Найсаптығым шатасып батырменен.

\*Кенес әскерлерін ауғандықтар осылай атаған.

Танкист айтқан бір сөз

Темір тажал танкпен тасты үгіткен, Тура тартып ажалға бас тігіп ем. Балқып ұшқан қорғасын тайқып ұшты, Тепсе темір үзетін жас жігіттен.

Темір тәртіп тұрғанда ту сыртында, Оқ пен оттан қайтпайтын құлсың мұнда. Темір табыт қақпағын тарс жабады, Тайсалып сәл қауіптен қымсындың ба?

Тас төбеңде тұрғанда аптап қызып, Тау мен тасты танкпен таптап мыжып. Өлмесен де өлгендей боп келесің, "Молодец" деп бастыққа мақтатқызып.

Шүріппені қайырып қанды саусақ, Шабуылдай дұшпанға шалғы салсақ... Кірпік қақпай ажалға қараушы едік, Аспанкөз генералдан алғыс алсақ.

Дұшпандардың алғаны қанды қарғыс, Ал біздерге берері мәңгі алғыс. Соқтырған бар сойылды, соққандар бар, Таразыға машарда тартылармыз.

Түлектерге тілек

Көгершіндей отырған дүр еткелі, Сәт сапар! Тәуелсіз ел түлектері, Алдарыңда сендердің әлі талай Асу бермес өмірдің түр өткелі.

Алдарыңда өмір түр жаңа арналы, Соқпақтар түр түс-түсқа таралғалы. Жанарлары жаудіреп тосып отыр, Көк байрақты еліңнің көп арманы.

Тосып отыр еліңнің бау-бақтары, Көл, батпағы, кенге бай тау қатпары. Күтіп отыр сендерге сенім артып, Шөл далалар жөңкілген қаңбақтары.

Алдарыңнан қол бұлғап тылсымдарың, Алыстарға ұшқалы тұрсын бәрің. Жырысқ бәрің дәл бүгін жырланатын, Күмбірлетіп сезімнің қыл сымдарың.

Саралап ап сапардың оң, терісін, Самғасандар ашылар ерте өрісін. Қанаттарың талмасын, қайда ұшсаңдар, Егеменді еліңнің ертені үшін.

Қарттың монологы

Арманның көбі алдымда еді, Алыста қалды жандырған лебі. Шаршаған шақта аунатып алар, Шақырар емес шалғын да мені.

Сезімнің мүлде сөнгені ме еді, Көңілден көшті көмбенің көбі. Орайтын шағы жетті ме әлде, Жердің де мына жергегі мені.

Үмітім неге алдайды мені, Қартайған шақта жан қайғы ма еді. Сағатын соңғы санасын дей ме, Санамда неге сарнайды жегі.

Еритін емес сенімнің тоны, Толатын емес көңілдің көлі. Өксиді жаным өтеуін таппай, Өкініш білем өмірдің соны.

Жыңғыл жанды жігіт едім, Қызыл қырды жайлаған. Тымсық түнде тігіп көзің Қызығатын Ай маған.

Алауласа Айдың нұры, Ойнап қызғылт жейдеммен. Ұмыт болып қайғы-мұңым, Үнсіз, тілсіз сөйлер ем.

Ей, аспанның періштесі! Жұлдызды елдің еркесі. Жан сырымды бөлессеңші, Жамылып түн пердесін.

Ұяң өскен жыңғыл едім, Ұям еді қызыл жыр. Тұншықтырып түнгі демің, Тұншығымды алып - бұзылдым.

Өртке салған өзің болдың, Көз ілмедім - шаршадым. Сырымды айтып тұрған жоқ па, Көкке созған саусағым.

Түсіре алмай қармағым, Түс қашты әбден түн қатып. ...Қол жетпейтін арманына, Қол созу да бір бақыт.

Әзіл отауы

Мынау туралы мәлімет

1966 жылы несібесінен құр қалғандай жазда емес, қақаған қаңтар айында туылған. Кадетте, медреседе, ФЗО-да, молдадан сауат ашпай, он бір жылдық білім алған. 1993 жылы ҚазМУ-дың ЖУ факультетін бітірген.

Техас облысының Түркістан қаласындағы местный газетте тілші, бөлім меңгерушісі, қалалық әкімшілікте бас маман, "Түркістан тынысы" телеарнасында директор болып қызмет істеген. Коммерциялық "Тұран" телеарнасын ашып, "жанашырлары" сараңдық танытқан соң қайта жауып тастады. Әдебиеттің, оның ішінде сатираның барлық жанрынан ауыз тиіп көрген. Балғабек Қыдырбекұлы атындағы сыйлықтың тұңғыш лауреаты. Қазір ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің оқытушысы.

Жалғыз әйелі, кітабы, бір ұл, бір қызы, таудай талабы, тамыр-таныстары, нағашы атасының аруағы бар.

Үйі, иномаркасы, банкіде ақшасы, біреуде қарызы, арам ойы, Министрлер Кабинетінде туысқаны, тоқалы, пропискасы жоқ.

Дер кезінде туылмағандықтан, "Түркістан уалаяты" газетінде, "Шаншар" журналында істемеген. Беті қалың бұл кісі 1999 жылдан бері "Жас Алаш" газетінің "Бір түрлі бет" сатиралық қосымшасының бас бүлдіргісі.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ

Тұрмыстық пародия ДЕЙМІСІҢ

(Ақтамберді жырауша)

Қай қоғамды алманыз, Нарықсыз ғой деймісің? Базар мен жер атаулы, Салықсыз ғой деймісің? Тауары үшін коммерсант, Арын сатпас деймісің? Күні үшін бұл қазақ, Мәлын сатпас деймісің? Доллар үшін қыз-қырқын, Төнін сатпас деймісің? Өтірікші зальымдар, Жанын сатпас деймісің? Сауда жасап бұл халық, Қарық болар деймісің? Білім құмай - болашақ, Жарық болар деймісің? Ел басқарған басшылар, Дана еді ғой деймісің? Жетім-жесір халыққа, Пана еді ғой деймісің? Билікті де өкімдер, Сатып алмас деймісің? Шығып кеткен шығынды Қатып алмас деймісің? Ұл-қызымыз оқуға, Өзі түсер деймісің? Талантты ұлға ұстаздың, Көзі түсер деймісің? Көмелетке толмаған, Қыз тумайды деймісің? Үй едені қысты күн, Сыз болмайды деймісің? Адал жүріп, тік тұрсам, Ат мінгізер деймісің? Шындықты айтсам - кемшілік, Сап түзелер деймісің? Осы сыннан қадірім, Аса қояр деймісің? Газет-журнал таласып, Баса қояр деймісің?

Осыны ойлап қайтейін, Суып кетеді кейде ішім!

Қонақкөде

ҮЛКЕНДЕРДІҢ ӘНГІМЕСІ

Бұрын үлкендердің әңгімесіне онша құлақ аспайтынмын. Соңғы кездері мән беретін болдым.

Жақында ауыл жаққа барғанымда бір топ кісілер өзді-өздері әңгіме-дүкен құрып отырды. Бір кезде әңгімелері саясатқа ауысып кетті. Президентті мақтады. Біреуі «жалғыз өзі қай жағна жетсің» деді. Енді бірі «сенген адамдары сенімін ақтамай өзін әбден шаршатты ғой!» деді. Бір кезде әңгіме басқа арнаға ауысты. Одан тағы басқа арнаға ауысты. Бірін бірі кейде құптап, кейде құптамады. Әңгімелері ұзап бара жатқан соң мен кетіп қалдым.

Менің айтпайын дегенім: үлкендер неге сонша ұзақ әңгімелеседі? Меніңше олар әңгімені уақыт өткізу үшін, ермек үшін айтатын сияқты. Уақытты жұмыс істеп те өткізуге болмай ма? Жұмыс істеп отырып та әңгімелесуге болмай ма? Бұл үлкендерді сынағаным емес. Бірақ осы жерлерін түсіңбеймін.

Дина БЕКМҰХАМЕДОВА, 10 сынып

МЕН ОРАЗА ҰСТАЙМЫН

Ораза айы кезінде бір апа: «Мен ораза ұстаймын», - деді. «Ораза ұстай ма, тұта ма?» - деп сұрап едім, «екеуі де дұрыс» деді. Оған қайтып ештеме демедім. Ішімнен: «Қалайша екеуі де дұрыс болады? Біреуі дұрыс болмай ма?» деп ойладым.

Осы ішімдегі сұрағымды оразашы апаға қойғым келді. Бірақ қорықтым. Өйткені ол дөрекі сөйлейді. Ұрсып тастайды.

Менің ұғым-түсінігімше ораза ұстаған адам ораза кезінде ешкімді ренжітпей керек. Қалай болса солай киінбеуі керек. Ал оның бет-ауызы қызыл ала бояу. Тырнақтары сояудай.

Меніңше, қазір көптеген адамдар ораза тұтқанды мақтаныш, дәреже көрегің сияқты. Ол мұсылмандық парыз емес пе?

Мәдина СЫДЫҚОВА, 11 сынып

БҮЛ НЕ БОП БАРАМЫЗ?..

Әр түрлі ыңғайсыз жағдайларға жандары ауырған шығар, көптеген адамдардың аузынан «бұл не боп барамыз?» деген сөздер жиі естимін. Көңіліме қонбайтын әр түрлі жағдайлар көзіме түскен сайын менің өзім де: «Шынында да біз өзі не боп барамыз?» дейтін болдым. Кейбір үлкен кісілер арақ ішіп алып не болса соны айтады. Қалалы жерлерді былай қойып, есірткі қазір ауылға да жетті. Содан шығар, жастар үлкендерді тыңдамайды, сөзге тоқтамайды. Апа, әжелердің де ішкендері арақ, ауыздарында темекі. Бұл не боп барамыз?

Біздің ауыл Ресеймен шекаралас. Орманның ішінде. Орманның ішінде дегенмен, ол да сирей бастады. Кесуге рұқсат алғаны да, алмағаны да шетінен сұлатып, отынға жағып, сыртқа апарып сатып, қазір ағаштар сиреді. Қаптаған түбір. Жас шыбықтар енді қанша жыл өседі? Үлкендер болашақ ұрпағын неге ойламайды? Расында да, бұл не боп барамыз?! Жаным ауырады!..

Айгүл ОСПАНОВА, 11 сынып.

ТОЛҚЫНДЫ ТОЛҚЫН ҚУАЛАП...

Бір кезінде профессор Назарлы Оразиев: "Соңғы жылдары журналистика факультетіне ыңғайлы бағытпен талпаңкерлер сияқты құрылым талғапты. Ал, Алматыдағы республикалық Қазақ тілі мен әдебиетінің терісіндігіне бағытталған мектептен көптеп келеді" дегені бар. Рас.

Бұл мектептің тұлғалары бүгінде бүкіл бұқаралық ақпарат құралдарымен "жаулап" алды.

Міне, тағы бір толқым келеді, құрметті оқырман!

Үмбетбай ҰҰДАУЛЫ (Ұайдын)

ШЫНАЙЫ СЕЗІМ

Көп қазақтар «тәуелсіз», «тәуелсіздік» дейді. Меніңше, солар жай айта салатын сияқты. Олай дейтінім, тәуелсіз мемлекетіміздің желбіреп тұрған көгілдір жалауының тұсынан өтіп бара жатып назар аудармайды. Әр жерде рәміздерімізді көреміз. Сондайда тоқтап, кідіріп қарап тұрған қазақтарды сирек ұшырасты-рамын. Мүмкін, көздері үйреніп кеткен соң мән бермейтін шығар. Сонда да дегенім ғой!..

Басқаға тәуелді болмау үшін, бодан болмау үшін біздің ата-бабаларымыз 300-ден астам көтеріліске шыққан екен. Ол жай ма?

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін көп айтамыз. Ол көтеріліс дүниені дүр сілкіндіріп, тәуелсіздігімізге жол ашқан жоқ па?

Желтоқсан көтерілісіне 15 жыл! Тәуелсіз мемлекет болғанымызға 10 жыл! Семей полигонының жабылғанына 10 жыл! Желбіреп тұрған аспан түстес жалауларымызға көзім түскен сайын мені осындай сезім билейді. Адамдар тәуелсіздігіміздің қадыр-қасиетін шын сезінсе екен.

Индира КӘУКЕРБЕКОВА, 11 сынып

"Я - РУССКИЙ"

Оқушылар сарайында әр түрлі үйірмелер жұмыс істейді. Сол үйірмелердің біреуінде біз де қатысамыз. Көбісі үйден қатынайтын қаланың балалары.

Бір күні үйірімеге қатысатын ер балалармен қазақша амандастық. Біз амандасқан екі баланың біреуі қазақша, біреуі орысша амандасты. Орысша амандасқан қазақ баласына мен: «Өзің қазақсың, сөйте тұра орысша сөйлейсің, орысша амандасасың. Неге олай?» деп сұрау салып едім, ол: «Я - русский», деді ұялмай-қызармай. Ана тілін білмейтін, туған халқын, ұлтын жасырған осындайларға неге арнайы заң шығармайды екен? Соны түсінбеймін.

«Я - русский» . «Я - русский». Ұят-ай!

Эльмира ҚЫДЫРМОЛДИНА, 11- сынып оқушысы

Мағынасы майысқан мақалдар

- "Жаңа қазаққа" сын ауыр тиеді, Жаман қазаққа мін "тәуір" тиеді.
- Депутатты "сайрай бер" - деп дауға қой, Министрді "сата бер" - деп малға қой, Ал халықты қару беріп жауға қой!
- Так - оттан да ыстық.
- Төрт жылда парламент жаңа, Өкімет ауысса - қазан.
- Екі тентек таласса, Топицияға "жем" түсөр.
- Братпан гөрі, Блятьң кіші болсын!
- Министрдің қанаты - Мерс.
- Офисте оймен ою оймаса да, Мәжілісте сөзбен сызу сызады.
- Барды байлық өлтірер, Жоқты айлық өлтірер.
- Параны ала білген Жоғарыға бере де біледі.
- Шенеунік атақ үшін туады, Билік үшін өледі.
- Шенеунікте шер жоқ.
- Үш рет депутат болсаң да, Халықтың қарзыңнан қытыла алмайсың.
- Үкіметке халықтан салық қымбат.
- Қырық өтірік сайлауда шығады, Шындықты шыңғауға тығады.





Международный  
Координационный Центр

лидер на образовательном рынке РК,  
обладатель Серебряного диплома SGI.

## ОБРАЗОВАНИЕ – ЗОЛОТО



### В Алматы

1. Прием документов на 2002 год в университеты Австралии, Ирландии, Англии, США, Канады. Предвуниверситетская подготовка в перечисленных странах.
2. Языковые курсы со специализацией (финансы, банковское дело, туризм и т.д.)
3. Учеба + работа (Австралия, Англия, Ирландия, США).
4. Каникулярные программы в Англии, Ирландии, Шотландии, США.

1. TOEFL, IELTS, GMAT на высокий балл с профессионалами.
2. Российские журналы "Образование без границ" и "Образование за рубежом".

### Мы ждем Вас по адресу:

Адрес: г. Алматы, пр. Абая, 12, оф. 30  
Тел.: (3272) 62 55 42, 69 66 76, 62 91 13  
факс: (3272) 62 59 34.  
E-mail: iccmm@nursat.kz

### Байқау

## Біліктіге бәйге бар!

Биылғы жылы Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылғанына 10 жыл толды. Оның үстіне бүгінгі күні әлемдегі және көрші аймақтардағы тұрақсыздық, әр жерде соғыс өртінің тұтанып жатуы – ел қорғау мен жастардың бойына отансүйгіштік қасиетті дарытудың маңызын арттыруда.


Осыған орай Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі "Әскер-халықтың баласы, Отанның қорғаушысы" атты акция өткізіп отыр. Аталған шара біздің университетімізде де кеңінен аталуда. Акцияның басты мақсаты – Қазақстанда тұратын әрбір жастың бойына жауынгерлік рухты сіңіре отырып тәрбиелеу. Бүгінде ел қорғап жүрген Қазақстан әскерінің ролін жүргізушілікке кеңінен таныстырып, насихаттау. Аталмыш шараның аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жас журналистердің арасында отансүйгіштік, патриоттық, отанды қорғау және Отаны үшін шайқасқан ардагер аталарымыздың ерліктері туралы жазылған үздік мақалаларға байқау жариялайды.

Байқаудың шарттары:  
- Мақала көлемі үш беттен аспауы тиіс;  
- Бәйгеге талсырылатын мақаламен бірге автордың фотосы және өмірбаяны 2002-жылдың мамыр айының 15-не дейін ҚазҰУ-дың баспасөз қызметіне тапсырылуы тиіс;  
- Байқау қорытындысы мамыр айының соңында шығарылады.

- Үздік шыққан еңбектер "Қазақ университеті" газетінде жарияланып, ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Ұйымдастырушы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі  
Анықтама тел: 11-94

### Әл баспа тартуы



Күмісбаев Ө. Иран әдебиетінің тарихы: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2001. - 179 б.

### Шығыс әлемі

Белгілі шығыстанушы ғалым Өтеген Күмісбаевтің жаңа кітабы "Иран әдебиетінің тарихы" деп аталады. Бұл парсы поэзиясы, прозасы жайында қазақ тілінде жазылып отырған тұңғыш кітап. Оқу құралы Иран мәдениеті, тарихын, әдебиетін зерттеушілерге, әсіресе Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының, университеттердің шығыстану факультеттерінің студенттеріне, болашақ шығыстанушыларға, иранистерге, тюркологтерге арналған. Оқу құралы Иранның классикалық поэзиясынан бастап ХХ ғасырға дейінгі көркем әдебиетінің тарихын қамтиды.

Профессор Ө. Күмісбаев бірнеше жылдар бойы шығыстану факультетінің парсы тілі мен әдебиеті бөлімінде Иран әдебиетінен дәрістер оқып келеді. Бұл кітаптағы материалдар қазақ, орыс, парсы тілдерінде ғылыми басылымдарда жарияланған, бірнеше халықаралық симпозиум, конференцияларда ғылыми баяндамалар жасалған. Сол еңбектің бәрі жинақталып, жана електен өтіп, оқу құралына айналып отыр.

### Новая монография

Как уже сообщало КазААГ в газете «Егемен Қазақстан» от 6 ноября 2001 года, специализированное издательство Физико-математическая литература (ФИЗМАТЛИТ) издательства «НАУКА» в Москве недавно выпустило в свет книгу доктора физико-математических наук А.Е. Дюсембаева «Математические модели сегментации программ» тиражом 1000 экз. Рецензент книги – известный ученый, академик РАН Ю.И. Журавлев.



## Высокие рубежи университетской науки

Впечатляющей особенностью данного издания является не только то, что, начиная со времен Союза, это одна из немногих монографий по физико-математическим наукам издана в столь престижном издательстве автором из Казахстана. Уникальна и серия издания: это широко известная серия "Библиотечка программиста".

Радостным событием является и то, что один из первых специалистов в нашей стране в области информатики профессор А.Е. Дюсембаев работает на кафедре МОЭВМ и кибернетики КазНУ, обучая студентов головного вуза республики такому важному предмету, как информатика.

Успех автора не случаен. Он прошел хорошую школу, обучался в ЛГУ на знаменитой кафедре МОЭВМ, которой в те годы руководил выдающийся ученый, член-корр. АН СССР С.С. Лавров. Защитил кандидатскую диссертацию по математической кибернетике в 1984 году в ВЦ АН СССР, а в 1994 – докторскую в том же ВЦ РАН, но уже по специальности "Теоретические основы информатики". Выступал на многих международных конференциях, в том числе на последнем математическом конгрессе в Берлине в 1998 г.

Выход в свет монографии автора – это хороший отклик на одну из важных задач, поставленных перед коллективом КазНУ Президентом страны во время встречи со студентами и сотрудниками университета 5 января 1998 г.

Факт издания книги А.Е. Дюсембаева в одном из ведущих мировых издательств может послужить примером и ориентиром для молодых ученых как один из путей достижения научного признания.

БИЯРОВ Т.Н.,  
заведующий кафедрой МОЭВМ и МК  
мех.-мат. факультета, профессор



### Ескерту

21-наурыз – жыл басы  
Құрметті оқырман!  
Университет шеңберінде өтетін наурыз мерекесіне қатысты материалдар топтамасын газетіміздің келесі санында оқи аласыздар.

### Бет катталып жатқанда

## Наурыз келді, той басталды



Наурыздың 21-күні Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Назарұлы Омарұлы басқаратын бөлімнің ұйымдастыруымен жыл басын қарсы алу рәсімі өтті. Бұл мерекелік шараға университетіміздің ректоры Төлеген Қожамқұлов, проректорлар – Анатолий Купчишин, Серікбол Шалғымбаев және Зұлхайыр Мансұров "ауылының жігіттері", сондай-ақ, «Парасат» кәсіподағының төрайымы Мәншүк Мұқашевалар қатысып, ән салып, күй шертіп, олең оқып, би билеп дегендей әрқайсысы өз өнерлерін ортаға салды. Жиналған қауым саумал қымызды сіміріп, наурыз көжені мейірлене ішіп, бір-біріне ізгі тілектерін арнап жатты.

Көпшілікке шат-шадыман шаттық сыйлаған бұл мерекелік шараның әсері дүйім қауымды бей-жай қалдырмады.

(Өз тілшімізден)

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

### АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;  
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;  
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;  
Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;  
М.Т. МҰҚАШЕВА - "Парасат" кәсіподағының төрайымы;  
А. ЕЛІБАЕВА - студенттердің "Сұңқар" кәсіподағының төрайымы.

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Бекжан Өшірбаев;  
Бас редактордың орынбасары - Ербол Әбдірәсілов;  
Жауапты хатшы - Дарига Амангельдиева;  
Теруші - Айтгүл Бабасова;  
Көркемдеуші-беттеуші - Айдын Әбдібекұлы;  
Фототілші - МАМЫРЖАН;  
Немірдің кезекші редакторы - Сәндібек Жұбаниязов.

### МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10-кабат, №1000 бөлме.  
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94.

Немір тапсырушының дайын диапозитивтерінен "Полиграфсервис" баспаханасында (Жандосов көшесі - 55) 25.03.2002 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 3000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. № 101 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды.

### Бірінші байлық

## Салауаттылық – өмір салтымыз

20-наурыз күні университетімізде студент жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған акциясы болып өтті.

Осы шараны ұйымдастыруға ұйтқы болған ҚазҰУ-дың ғылыми кітапхана ұжымы жастардың темекі, есірткіден бойын аулақ ұстап, спортпен айналысуын насихаттайтын кітап, фотокөрме ұйымдастырды. ҚазҰУ-дың денешынықтыру кафедрасының ұжымы осыған дейін студенттер арасында өткізілген спорт жарыстарынан бейнероликтер көрсетті. Денешынықтыру кафедрасының шөкірттері спорттық би үлгілерін ортаға шығарды. Ғылыми кітапханада салауатты өмір салтын насихаттайтын 200-дей кітап бар екен. Студенттер өздерін қызықтырған әдебиеттерді ақтарып, фотокөр-мені тамашалады.



Болашақта ақыл ойы сергек, денсаулығы мығым мамандарды даярлау үшін мұндай жиындардың жиі өтіп тұрғаны абзал деген оймен оралдық.

(Өз тілшімізден)